

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УӘЗІРЛІГІ

ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша
4 курс студенті

Алтыбаев Азамат Уразбаевичтың
БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырып: Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және оларды жаңаша
әдістерде оқыту әдістері**

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы: Б.Бекниязов

кеңесші ф.ғ.к. Ж.Шаниязов

Кафедра меңгерушісі:

доц.А.Оразымбетов

Нөкіс- 2016 ж.

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы мәжілісінің 2015 жыл ____№ _____санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Шет тілдері факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Д.Мамырбаева

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

аға оқытушы: Б.Бекниязов

кеңесші ф.ғ.к. Ж.Шаниязов

Алтыбаев Азамат Уразбаевичтың «Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері және оларды жаңаша әдістерде оқыту әдістері» тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

«_____» (_____%) қойылсын.

«_____» _____2016 жыл

МАК хаткері:

Т.Төртқұлбаева

ЖОСПАР

1. КІРІСПЕ

2. СӨЙЛЕМНІҢ ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕРІ

2.1. БАСТАУЫШ

2.1.1. ЗАТ ЕСІМДЕР МЕН ЕСІМДІКТЕРДЕН БОЛҒАН БАСТАУЫШТАР

2.1.2. САПАЛЫҚ ЕСІМДЕРДЕН БОЛҒАН БАСТАУЫШТАР

2.1.3. БАСТАУЫШТЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҰЛҒАСЫ

2.2. БАЯНДАУЫШ

2.2.1. Баяндауыштың жасалуы

2.2.2. Етістік баяндауыштар

2.2.2.1. Етістіктерден болған күрделі баяндауыштар баяндауыштар

2.2.2.2. Күрделі баяндауыштардың қимыл кезеңдерін білдіруі

2.2.2.3. Есім баяндауыштар

2.2.2.3.1. Зат есімдерден болған баяндауыштар

2.2.2.3.2. Сапалық есімдер мен есімдіктерден болған баяндауыштар

2.2.2.3.3. «Бар», «жоқ» сөздерінің баяндауыш қызметінде жұмсалуды

2.2.2.3.4. Есімдерден болған күрделі баяндауыштар

2.2.2.3.5. Құрама баяндауыштар

2.2.3. Баяндауыштың грамматикалық тұлғасы

3. Қорытынды

Кіріспе

Бастауыш пен баяндауыш сөйлемдегі предикаттық қатынастың негізі. Сондықтан сөйлемдегі тұрлаулы мүшелер мәселесі үнемі грамматиканы зерттеуші ғалымдардың назарында болған. Түркі тілдеріне арналған грамматикаларда сөйлемнің бас мүшелері – бастауыш пен баяндауыш туралы мағлұматтар берілді. Қазақ тілінің грамматикасын зерттеген алғашқы лингвист – ғалымдарымыз А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиевтердің еңбектерінде сөйлемнің бас мүшелері әртүрлі дәрежеде сөз болады. Олар, негізінен, сөйлем мүшелеріне анықтама беріп, оның тілдегі қолданысына мысал келтірумен шектелген болса, 50 жылдардан бастап бүгінгі күнге дейін зерттеушілеріміз аталған мәселеге әр қырынан келеді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілінің синтаксис саласын зерттеуші М.Балақаевтың, Т.Қордабаевтың, О.Төлегеновтің, Р.Әміровтің, Қ.Есеновтың, Ә.Аблақовтың, Т.Сайрамбаевтың, М.Серғалиевтің, Е.Ағмановтың т.б еңбектері ұлттық лингвистикамызданы әр алуан аспектілерді талдаумен бірге көптеген жалпы түркілік проблемаларды шешуге де мұрындық болары сөзсіз.

Алайда қазақ тіл білімінде тұрлаулы мүшелер проблемасы толық шешіліп болды деген тумаса керек. Сөйлемнің бас мүшелеріне беріліп жүрген анықтамалардан бастап, оның арнайы грамматикалық формаларының мәнін ажыратуда бір ізді пікірдің болмауы соны дәлелдейді. Осы мәселеге қатысты бастауышқа анықтама беруде ғалымдардың бір тобы оның сөйлемдегі ой иесі болатындығына сүйене отырып, өзге мүшелерге тәуелсіз деп таниды. Дұрысында бастауыштың грамматикалық мәні ой иесі болуымен бірге атау тұлғада тұруы, сол арқылы жіктік жалғаулы баяндауышпен жақ жағынан қиыса байланысуынан ашыла түседі.

Ал баяндауышқа алғашқы оқулықтарда берілген анықтамаларда оны тек қимылмен байланысты ғана суреттесе, кейінгі анықтамаларды бастауыштың етістікпен қатар есім сөздерден де жасалатыны ескеріледі. Бірақ баяндауышқа анықтама семантикалық тұрғыда емес, таза

грамматикалық тұрғыдан берілгені дұрыс. Өйткені баяндауыш, алдымен, синтаксистік категория, сонымен бірге тілімізде баяндауыш қызметінде жұмсалмайтын сөз жоқ. Ал әр сөз табына енетін сөздердің білдіретін жалпы грамматикалық мағыналары да әр алуан. Сондықтан анықтамада баяндауыш болатын сөздің мағыналық түрлерін түгел қамту мүмкін емес. Ал баяндауыш қай сөз табынан жасалмасын, оларға ортақ белгілі бір грамматикалық белгісі болады. Олар, алдымен, баяндауыштың предикативтілікті білдіруі, екіншіден, сөйлемдегі ойды біршама тиянақтап тұруы. Себебі предикативтілік ұғымы тек грамматикалық бастауыш пен баяндауышты байланыстырумен ғана шектелмейді, сондай-ақ логикалық субъектпен предикаттық қатынасын да білдіреді. Ал баяндауыштың сөйлемдегі ойды тиянақтау қызметін ешбір сөйлем мүшесі ауыстыра алмайды.

Тұрлаулы мүшелер категориясында нақтылауды қажет ететін проблеманың бірі – бастауыш пен баяндауыштың грамматикалық тұлғалары.

Диплом жұмысының мақсат-міндеттері. Диплом жұмысының мақсаты – қазақ тіліндегі тұрлаулы мүшелерге тән грамматикалық белгілер мен олардың арнайы грамматикалық тұлғасын нақтылау. Осыған байланысты төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- тұрлаулы мүшелер туралы көзқарастарды жүйелеу;
- сөйлем мүшелерінің грамматикалық тұлғаларын топтастыруда қолданылатын ұстанымдарды нақтылау;
- семантика-грамматикалық ұстаным бойынша тұрлаулы мүшелерді жіктеу;
- аталған жайттарды нақты тілдік фактілермен дәлелдеу
- тұрлаулы мүшелердің грамматикалық тұлғаларын айқындау.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

Сөйлем – адам ойын білдірудің негізгі құралы. Айналадағы нақты өмір құбылыстары негізінен зат және оның қимыл – қозғалыстары мен іс - әрекеттерінен тұратыны мәлім.

Сөйлем жасалуы үшін алдымен сөздер бір – бірімен тіркеседі. Ол тіркестердің тілдік жүйесі, заңдылықтары арқылы іске асады. Жай сөйлем, оны құрайтын тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, осы қиыса байланысқан сөз тіркестері негізінде жасалады. Сөз тіркестері сөздердің синтаксистік байланысуы деп аталса, жай сөйлем синтаксисінде бұлар предикативті қатынастарға жатқызылады.

Тіл білімінде сөйлем туралы ғылыми ойдың тарихи бастауы көне дәуірдегі логикалық зерттеулерден басталады. Бұл тұжырым бойынша сөйлем – пікірге, бастауыш – субъектіге, баяндауыш – предикатқа негізделді. Сондықтан да тіл туралы зерттеулерде бастауышты субъект, баяндауышты предикат деп қолдану дәстүрі де сақталған. Сөйлемнің негізі болып табылатын предикативтілік осы атаудан пайда болған.

Тұрлаулы мүшелер тек қана зат есім мен етістіктен жасалмайды. Бастауыш зат есім мәніндегі басқа сөз таптарынан, ал баяндауыш өзге де есім сөз таптарынан жасала береді.

Тұрлаулы мүшелер деп сөйлем құрауға негіз болатын бас мүшелерді айтамыз.

Қазақ тілі білімінде болсын, басқа да түкітану саласындағы еңбектерде болсын тұрлаулы мүшелерге негізінен бастауыш пен баяндауышты жатқызатыны белгілі.

Алайда, кейбір еңбектерге көз жүгіртсек тұрлаулы мүшелерге тек бастауыш пен баяндауышты ғана емес, басқа да сөйлем мүшелерін жатқызушылық кездеседі.

Осы тіл білімінің өзінде баяндауышты арнайы сөйлем мүшесі дейді де, ал бастауышты толықтауыштың бір түрі дейді. Кейде тұрлаулы мүшелерге

бастауыш пен баяндауышты жатқыза келіп, тіпті, оның аясын кеңейтіп те жібереді. Сондықтан да кейде тұрлаулы мүшелердің құрамына толықтауыштың кейбір түрін, тіпті, пысықтауыштың да кейбір түрін қосып жіберетіні кездеседі. Міне, осы сияқты талас пікірлерді түркітану еңбектерінен де байқауға болады. В.Насилов «Роль сказуемого в уйгурском предложении» деген мақаласында тұрлаулы мүшелерге тек баяндауышты ғана қатысты деп біледі. Автор сөйлемді тиянақтау жағынан келгенде тек баяндауыш қана басты тұлға деп ұғады да, оған ерекше мән береді. Сол сияқты екінші бір көзқарас бойынша тұрлаулы мүшелерге, яғни бастауыш пен баяндауышқа тура толықтауышты да қоса қарайды. Әрине, бұл сияқты тұрлаулы мүшелер туралы әр түрлі пікірлер болғанымен, қазіргі кезде тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты жатқызу орынды деп білеміз. Әдетте бастауыш сөйлемде айтылатын ойға негіз болады, ол баяндауыш арқылы айтылған қимылдың не басқа сапаның субъектісі (несі) болады.

Бастауыш

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің бірі – бастауыш. Сөйлемде бастауыш екі түрлі жағдайда кездеседі. Біріншіден, сөйлемде арнайы түрде бастауыш болады, екіншіден, сөйлемде бастауыш жасырын келуі де мүмкін. Бірақ ол жасырын келгенімен, бәрібір баяндауыш арқылы оны тауып алуға болады. Сонымен бірге бастауыш: зерттелу, оның ережесі, сұраулары, тұлғасы, жасалуы, құрамы, сөйлемдегі орны және оның мағынасына қарай бөліну бағытында қаралуы тиіс. Енді осыларды жеке-жеке көрсетелік. Бастауыш туралы қазақ тіл білімінде көптеген оқу кітаптары, методикалық құралдар және мақалалар жарық көрді. Бастауыш туралы еңбектердің біразында негізгі мәселелерінен гөрі, олардағы кейбір жанама мәселелеріне де баса назар аударылған. Бұл еңбектерде қазақ тіліндегі бастауыштарды басқа тілдермен салыстыру, орын тәртібі және стильдік қызметтері сөз болады.

Бастауыштың ережесі. Бастауыштың ережесі әр түрлі оқулықта әр түрлі беріліп жүр. Х.Басымов «Бастауыш болатын сөз мағынасы жағынан

сөйлемдегі ой іргесінің иесі болады», - десе, С.Аманжолов «Сөйлемегі айтылған ойдың иесі болып тұрған сөйлемнің мүшесін бастауыш дейміз», - дейді.

М.Балақаев «Сөйлемнің кім? не? туралы екенін білдіретін, айтылған ойға негіз болатын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз», - деп келсе, Р.Әміров «Сөйлемде айтылған ойдың кім, не туралы екенін атап, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың, сапаның кімге қатысты екенін білдіретін сөйлем мүшесін бастауыш дейміз», - деген ережені айтады.

С.Аманжолова, А.Әбілқаев, И.Ұйықбаевтардың мектеп грамматикасында, «Сөйлемде атау септігінде тұрып басқа мүшелерге бағынбайтын тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз» - делінген. Қазақ тіл білімі мен түркітану әдебиеттеріндегі бастауыштың ережелері туралы мына жайттардың айтылатынын көруге болады.

Біріншіден, бастауыштың ойдың иесі болуы. Екіншіден, ең алдымен, оның қандай сұрауларға жауап беретіндігі бірінші орынға, ал ойдың иесі болуы екінші орынға қойылуы. Үшіншіден, ойдың иесі деуден гөрі ойдың, баяндауыш арқылы айтылған қимылдың, сапаның кімге қатысы, басты нәрсе болуы. Төртіншіден, бастауыштың басқа мүшелерге бағынбайтындығы. Бесіншіден, бастауыштың тұлғалық ерекшеліктеріне, яғни, атау септікте келетіндігі. Алтыншыдан, сөйлемдегі басқа сөздермен, яғни, баяндауыштармен синтаксистік қатынастары, т.б.

Бастауыштың мағынасы баяндауыштың морфологиялық құрамындағы тұлғалар арқылы белгілі болып дербес тұра береді. Ондайда бастауыш сөйлем ішінде арнайы айтылмай, сөйлем толымсыз болуы да мүмкін, ал баяндауышсыз толымсыз сөйлемдер өте сирек кездеседі. Әсіресе диалогта, мақал-мәтелде («қой баласы – қозыдан» сияқты) баяндауыштың «түсіп қалуы» «ықшамдылықпен» байланысты.

Осындай, баяндауыштың синтаксистік қызметі бастауыштан басым болғанына қарап, баяндауышты ғана бас мүше деп қарау дұрыс болмайды.

Шынында, ол екеуі де – сөйлем құрауға ұйытқы болатын, басқа мүшелерді айналасына үйіріп тұратын, сөйлемнің дінгекті орталығы – бас мүшелер.

Бастауыштың грамматикалық тұлғасы – сөздің атау тұлғасы. Басқаша айтқанда, бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде тұрады.

Ескерту:

Бастауыштар кейде формаланбаған ілік септігінде де айылады; ондай ілік септікті бастауышы бар сөйлемнің баяндауышы не тәуелдік жалғаулы сөз күрделі баяндауыштың құрамында болып келеді:

Шығанақ почта конторындағы радиоға құлағын төсеп отырғаны (Ғ.Мұстафин). Тас түсіріп тұрсам, **мына біреулер жанжал шығарып тұрғаны** (Қ.Әбдіқадыров).

Біз суды осы Мырзашөлге *жеткізуіміз керек*. (С.Мұқанов). **Мен** Гүлжаһанмен **әлі жөнді әңгімелескенім жоқ** (Ә.Әбішев).

Бастауыштарға қойылатын негізгі сұрақтар **к і м?, н е?** Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің көптік, тәуелдік жалғауларда айтылуы мүмкін. Бұл сұрақтар сөйлемде бастауыш болар деген сөздерге **ж а л а ң к ү й і н д е қ о й ы л м а й д ы**, баяндауыштармен қабаттаса қойылады. Мысалы: *Ажар баяндама жасады* (Кім б а я н д а м а ж а с а д ы? – *Ажар...*) (*Айту оңай, істеу қиын*) (Н е о ң а й? *Айту...* н е қ и ы н? – *Істеу...*). *Еріншектің ертеңі бітпес* (Н е с і б і т п е с? – *Ертеңі...*)

Ескерту: Жалпы алғанда, бастауыш бола алмайтын сөз жоқ . Белгілі жағдайда (субстантивтеніп қолданылғанда), тіпті, өз алдына сөйлем мүшесі болмайды дейтін шылау сөздер де, сөз емес, сөз құрау үшін жұмсалатын жеке дыбыстар да сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалыуы мүмкін.

Дегенмен, сөйлемде бастауыштық негізгі қызмет атқаратын сөздер – зат есімдер мен олардың орнына жүретін есімдіктер.

Олар түбір тұлғада да, көптік, тәуелдік қалпында да бастауыш болады: **Салиқа қырман басына келді. Колхозшылар астықты элеваторға жөнелтіп жатыр. Біздің партиямыз, қаһарман халқымыз ұлы табыстарға**

жетті. Біз жүріп келеміз. Аттар әлденеге құлақ тіге қалды. Аңадайдан бірдеңе қараңдағандай болды.

Бастауыш қызметінде жұмсалатын сөздердің енді бір тобы – с а п а л ы қ е с і м д е р - сын есім, сан есім, есімше:

Қорқақ бұрын жұдырықтар. **Алтау** ала болса, ауыздағы кетер...
Еккен орап (Мақал).

Бастауыштар жеке сөзден болған – жалаң, көп сөзден құралған – күрделі не үйірлі болуы мүмкін. Күрделі, үйірлі бастауыштарға мысалдар; Күрделіге: **Сөз** қуған бәлеге жолығар. **Жақсы жұмыс** – жанға тыны. **Ырыс** алды – ынтымақ (Мақал). Үйірлерге: **Білегі жуан** бірді жығар, **білімі толық** мыңды жығар. **Аузы күйген үріп ішер** (Мақал).

Зат есімдер мен есімдіктерден болған бастауыштар

Сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсалатын сөздер, негізінде, зат есімдер болғанмен, олардың барлығының бастауыш болу қабілеті бірдей емес. Бастауыш – субъектінің грамматикалық баламасы. Ол іс істеуші қимыл иесі болатындықтан, сол қызметті өтей алатын заттардың аты арнаулы бастауыш болуға бейім болады. Сондықтан ондай зат есімдер а р н а у л ы бастауыш болатын сөздер делінеді. Мысалға *Жарас ағаш екті* деген сөйлемді алайық . Мұнда *Жарас, ағаш* деген екі зат есім бар. Ол екеуі сөйлемде екі түрлі қызметте айтылған: *Жарас* – қимыл иесі, бастауыш, *ағаш* – қимылдың объектісі, толықтауыш. Олардың орнын ауыстырғанмен бірінің қызметінде екіншісі жұмсала алмайды. Оның себебі – ол екі зат есімнің екі түрлі синтаксистік қызметі атқаруға бейімділігінде: *Жарас*- арнаулы бастауыш болатын сөз де, *ағаш* – арнаулы толықтауыш болатын сөз.

Зат есімдердің ол айырмашылығы қазақ тілінде *кісі, кісі емес* деген ұғыммен байланысты. Ол айырмашылықты зат есімдерге қойылатын екі түрлі сұрақтан да аңғаруға болады. Жалпы алғанд, *к і м?* деген сұрақты

қоюға болатын зат есімдер – арнаулы бастауыштар, н е? сұрағын қоюға болатын зат есімдер – арнаулы толықтауыштар.

Сонымен қатар кейбір жанды – жансыз заттарға ғана тән іс-әрекет, кимыл, күй болуы мүмкін. Мысалы: *құс ұшты, бұлбұл сайрады, сиыр мөңіреді, жауын жауды, жел уілдеді*. Осындай сөйлемдерде бастауыш қызметіндегі зат есімдер баяндауыштар арқылы айтылған хабардың бірден – бір арнаулы иелері болып тұрады. Бірақ олардың мұндай әрекеті тар көлемдегі тіркестер арқылы ғана айтылады. Сондықтан мұндай сөздер бастауыш болып көп жұмсалмайды.

Осылардай, зат есімдердің бастауыш болу қабілеті бірдей болмағанмен, олардың бастауыштық тұлғасы бәріне бірдей. Ол – атау септігі.

Атау септігіндегі зат есімдер *ж е к е ш е, к ө п ш е* және *т ә у е л д і* тұлғада бастауыш болуына мысалдар:

Лиза Рахметке бұрылды (С.Ерубаев). **Кештетіп Қожаш үйіне келді** (С.Көбеев). **Сұр овчарка жан жуытар емес** (Ғ.Мұстафин). **Батырлық майданда сыналады** (Мақал). **Жауынгерлер қатарланып тұрып қалды** (Ғ.Мұстафин). **Сиырлар шұбап келеді**(Ғ. Мұстафин). **Қара қошқыл таулар ай астында көкшіл мұнарға оранып жым – жырт қалғып тұр. Абайлар Қарашоқыға түс ауа жетті** (М.Әуезов).

Өздерінің лексикалық мағыналарында көптік ұғымы бар зат есімдер *жекеше* тұлғада бастауыш болып та көптік мағынада жұмсалуды мүмкін:

Қалың қой қыбыр етпей тыныштық алып, үнсіз ғана тыным алды. **Сиыр атаулы...** *шалшық суларға кіріп, көлбей-көлбей жатып апты* (М.Әуезов).

Тәуелдік жалғаулы зат есімдер бастауыш қызметінде заттың кімге, неге тән екенін білдіреді де, ондай сөздің бастауыштық икемі арта түседі:

Шешем қатты сағынып жүрген сияқты(Ғ.Мұстафин). Атым ерттеулі тұр (Ғ.Мұстафин). **Әкеңіз кім болғаны еді?**(Ғ.Мұстафин). **Кімнің ісі көп болса, соның күші көп** (Мақал).

Түйем шықты өріске,
Боталарым маймаңдап.
Қойым өрді қаптайлап,
Қозыларым салды ойнақ.

Кілемдей жерім түрленді,
Қызғалдағым гүлденд,
Кемпірқосақ қосаулап,
Көгім де жаңа түрге енді
(Жамбыл)

Есімдіктердің ішінде бастауыш қызметінде көбірек жұмсалатындары – зат есімдердің орнын басатын есімдіктер. Олар- ж і к т е у, с і л т е у, және к і м? н е? деген сұрау есімдіктері. Бұлардың ішінде әсіресе жіктеу есімдіктерін бастауыш қызметінде жиі кездестіруге болады. Сонымен қатар олар сөйлемнің жақтық мағыналарын түрлендіруші сөздер болып табылады.

Жіктеу және өздік есімдіктердің бастауыш болуына мысалдар:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын...(Абай).**Біз** барлаушылармыз (Ғ:Мұстафин). **Сіз** кейін қалған соң, **мен** алдыңызды оралта беремін (Б.Майлин). **Біз** сірә, атты мықтап шаршатып алатын шығармыз...(С.Мұқанов). **Қалқам, Айша, сен** шаруаңа бар, **мен** де демалайын (С.Шарипов). **Ол** - Өскенбайдың үлкен үйі Зере отырған ауыл(М.Әуезов). **Өзі** – жөн білетін, пысық жігіт (Ғ.Мұстафин).**Бұған өзім** кінәлымын (З.Шашкин).

Сілтеу, сұрау және басқа есімдіктердің бастауыш болуына мысалдар:

Бұл – Байжанның талай келгенуіі (С.Мұқанов). **Мынау** – қай ауыл?
Әркім әр түрлі шаруамен қарбаласады (М.Әкезов). **Ешкім** дыбыс шығармады (С.Ерубаев).

Заттың с ы н д ы қ, с а н д ы қ, қ и м ы л д ы қ сапасын білдіретін сөздер де сөйлемде бастауыштық қызметте жұмсала береді. Ол үшін сапалық есімдер субстантивтеніп (заттанып) айтылады.

Сапалық есімдерден болған бастауыштар

Заттың сындық сапасын білдіретін с ы н е с і м д е р, ойды ықшамды етіп сөзбен білдіру керек болғанда, зат есімдермен қатарласып тұрмай – ақ , дара күйінде бастауыш және толықтауыш та болуы мүмкін. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жойылып кетпей, олар әрі заттық, әрі сындық мағынада жұмсалады. Сонда сын есімдер әдетте қандай заттардың сындық сапасы болып жұмсалатын болса, сондай заттардың бастауыштық қызметін атқарып тұрады. Терең – көбінесе судың, теңіздің, көлдің, өзеннің сыны болатын сөз. Сондықтан оны бастауыш қызметінде *Терең батырады* (мақал) десек, алдымен «Терең су батырады» деп түсінеміз. **Жүйрік** – бұрыннан аттың сыны болып, орныққан. Бұл күнде поезд, машина туралы да жүйрік деп атауға болғанмен, *Жүйрік тоқтығын білдірмес* (мақал) дегенде, оны алдымен «жүйрік ат» деп ұғамыз.

Заттардың ондай сындық сапасы синтаксистік қызметте бір ғана конкретті заттың орнына жұмсалмай, жалпылық мағынада, біртектес көп заттың орнына жұмсалады. Тек сын есімдерден болған жер, су аттары мен басқа жалқы есімдер ғана даралық мағынада жұмсалады. Ондайда олар орнықты заттық мағынаға ие болып, зат есім қатарына қосылады.

Соңғыларды қоспағанда, қазақ тіліндегі субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімдер көбінесе кісі туралы айтылған сөздер болады:

Кілең сұлулар бірыңғай отыр (С.Мұқанов). **Жақсы** – ісімен жақсы. *Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар* (Абай).

Субстантивтеніп бастауыш болатын сын есімде, әсіресе, аз сөзбен көп мағына беруді керек ететін мақал – мәтелді сөйлемдерде жиі ұшырайды:

Сыпайы тоңбайды, қалтырайды. Жомарт жоқтығын білдірмес. Көп қорқытар, терең батырар. Батыр бір рет өледі, қорқақ мың рет өледі. Жоққа жүйрік жетпес. Ескіні есіңе алмай, жаңа жадыңа түспейді. Үлкен бастар, кіші қостар (Мақалдар).

Сын есімдер тәуелдік, көптік жалғауларда тұрып та бастауыш қызметінде жұмсалады. Бірақ ол қағида сын есімнің бастауыш болуының бірден – бір шарты еместігі жоғарғы мысалдардан анық көрінеді.

Сын есім көптік, тәуелдік жалғауларсыз – ақ субстантивтеніп бастауыш болу үшін, олар бастауыштық әуенмен, дауыс ырғағы арқылы басқа сөздерден оқшауланып тұрулары керек.

Е с і м ш е де бастауыш болғанда, сын есімдей, қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады. Есімшеден болатын бастауыштардың ерекшеліктері мынадай:

а) Баяндауышты етістік, зат есім, есімдіктерден болған сойлемде есімше бастауыш қимыл иесі – кісі (сұрағы – кім?, не қылған?) орнына жұмсалады:

Бәйгені озған алады. Көрмес – түйені де көрмес. Жығылған күреске тоймас. Еккен орар. Ерінбеген етікші болар (Мақалдар).

Келген – Жақып, көрген – ол; Турайтын – мен де, жейтін – сен. Екі аразды табыстыратын да, айыратын да, - арадағы кісі. (Б.Майлин)

ә) Баяндауышы сын есімнен болған сөйлемде есімше бастауыш басқа заттың мағынасында жұмсалады (сұрағы – не?, не қылған?, не өткен?):

Қарауытқан қыста қызара бөртіп жылқы баққан қызық та, қиын да (С.Бегалин). **Берген ұят емес, алған ұят.**

б) Көптік жалғаудағы есімшелер бастауыш болғанда, олар әр уақытта қимыл иесі –кісі – мағынасында жұмсалады:

Егін оратындар әрі кетті де, астық таситындар қырман басында қалды.

в) Тәуелдік жалғауларда тұрып бастауыш болған есімшелер әр уақытта зат есім мағынасында жұмсалады (сұрағы – нем?, нең?, несі?, не қылған?, не еткен?):

Жазғаның маған ұнады. Айтқаным түсінікті ме? Оның келер - келмесі белгісіз.

Басқа айтарым жоқ .

Субстантивтеніп бастауыш болатын сөз тобының бірі – с а н е с і м . Есептік сандар бастауыш қызметінде заттық мағынада, жас мағынасында жұмсалады:

25 үшке тең бөлінбейді. Оннан төртті алсаң, алты қалады. 25 маған тағы қайтып келді (Жамбыл).

Жинақтау, реттік сандар ол қызметте көбінесе кісі туралы айтылған есім болады:

Төр бөлмеден шыққан үшеу деұзын столға ұзақ отырып, қалды. Үшеуіміз етектегі белге қыстырып алып жүріп кеттік (Ә.Әбішев). Үшінші кім? Алтыншы алға түсті.

Жинақтау, есептік сан есімдер III жақтық тәуелдік жалғауда көбінесе бөлшектеу, кейде жинақтау мағынада бастауыш болады:

Үш көрпенің екеуі қонақ астында, үш жастықтың екеуі қонақ шынтағында. Ерлі байлы екі адам бірі оны, бірі мұны істеп, екеуі де қонақ жабдығында жүр(Ғ.Мұстафин). Механизм бөлшектерінің тоқсан тоғызы дұрыс, бірі теріс болса, сол бір тоқсан тоғызды бөгейді. (Ғ.Мұстафин).

Жалпы алғанда, субстантивтенген бастауыштар мақалды – мәтелді сөйлемдерде көбірек кездеседі де, сйлем арқылы айтылатын ойды ықшамды етуде үлкен қызмет атқарады.

Бастауыштың грамматикалық тұлғасы

а) атау тұлғалы бастауыш

Бастауыш – сөйлемдегі ойдың иесі бола отырып, баяндауыш арқылы барлық қасиеті айқындалатын, арнаулы тұлғада тұрып, онымен тікелей байланысатын тұрлаулы мүше.

Бастауыш басқа сөйлем мүшелерімен салыстырғанда ойдың иесі ретінде қолданылумен ерекшеленеді. Бірақ бастауыш жеке қолданылып өмір сүре алмайды, ол қалайда басқа сөйлем мүшелерімен оның ішінде баяндауышпен синтаксистік байланыста айтылғанда ғана грамматикалық табиғаты айқындала түседі. Ал бастауыштың ой иесі болу қасиетін логикалық және грамматикалық аспектіде айқындаған жөн. Осыған сәйкес тіл білімінде бастауышты грамматикалық және логикалық бастауыш деп екіге бөліп қарайды. Тіл мен ойлаудың тығыз байланысынан туындаған бұл бірегейлердің (единицалардың) өзіндік ерекшеліктері бар. Байымдаудың логикалық субъектісі мен сөйлемнің грамматикалық бастауышының бір-бірімен кейде сәйкес келетіні бар. Мысалы: Мен оқимын деген сөйлемдегі мен сөзі әрі қимылдың субъектісі, әрі атау тұлғалы бастауыш болып бір-бірімен сәйкес келіп тұр. Бірақ пікір білдіруде бұл сәйкестік үнемі сақтала бермейді. Қимылдың, ойдың субъектісі басқа грамматикалық тұлғада тұрып, сөйлемде өзгеше синтаксистік қызмет атқаруы да мүмкін.

Грамматикалық бастауыш – атау септігінде тұрып ойдың кім, не жайында екенін білдіріп, баяндауышпен жақ және жекеше, көпше түрде қиыса байланысатын тұрлаулы мүше. Бастауыштың грамматикалық тұлғасы – сөздің атау тұлғасы. Басқаша айтқанда, бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде тұрады. Алайда оқулықтар мен зерттеу жұмыстарында бастауыштық тұлға әр түрлі авторларда әрқалай көрсетіліп жүр.

Бастауыштық тұлға жөніндегі пікір алалығы өзге түркі тілі зерттеушілерінің еңбектерінде де орын алған. Қырғыз тілінде А.Жаппаров «менің оқығым келіп тұрады. Саған қорқуға болмайды» деген сөйлемдердегі менің, саған сөздерінің логикалық жағынан бастауыштық мәні бар екенін,

бірақ ол сөздердің грамматикалық жағынан бастауыш бола алмайтыны көрсетеді.

Ал өзбек әдеби тілі синтаксисінің авторлары бастауыштың нөлдік, көптік, тәуелдік тұлғада, кейде шығыс жалғаулы тұлғада (Магазинге ажойб узумлардан келди) келуін өз тілі материалдары негізінде дәлелдейді. Шығыс жалғаулы бастауышты Г.Д.Санжеев те көрсетеді.

Е.И.Убрятова якут тілінде негізінен бастауыш атау тұлғада болу керектігін айта келіп, бірақ атау тұлғадағы сөздер тек бастауыш қана емес, анықтауыш, баяндауыш, т.б. сөйлем мүшелері бола береді дей келіп, якут тілінде бастауыш болатын сөздерді тек мағынасына қарап ажыратуды ұсынады.

Ал қазақ тіл білімінде М.Балақаев атау, түбір, тәуелдік жалғаулы бастауыштарды көрсете келіп, формаланбаған ілік септігінің де бастауыштық қызметін көрсетеді. Ал Т.Сайрамбаев көптік, тәуелдік, атау тұлғаларының бастауыштық қызметіне тоқталады. Қ.Шәукенов бастауыш болуды атау септігі шеше бермейтінін, сөйлемдегі мағына шешетіндігін, бастауыш болатын сөздердің түрлі тұлғада (түбір тұлға, септік, тәуелдік жалғаулы) келетіндігін айтады. Бұл фактілер бастауыштың тұлғасын анықтау мәселесінің күрделілігін танытса керек.

Қазақ тілі грамматикасын зерттеушілердің бастауыштың грамматикалық тұлғасын анықтауда кейбір тұлғалардың сыртқы формасының ғана ұқсастығына қарап, олардың грамматикалық мәнін, соған сай синтаксистік қызметін шатастыру фактілері орын алып жүр. Әсіресе, бұл түбір және атау тұлғалы сөздердің грамматикалық мәнін ажырата білмеуден көрінеді. Аталған екі тұлғаның ара жігін ашуда С.Исаев: «Рас, атау септігінің басқа септік түрлері сияқты арнайы грамматикалық көрсеткіші (формалары) жоқ. Сондықтан атау септік тұлғасы сырттай зат есімнің түбір тұлғасымен сәйкес, ұқсас келеді. Бірақ бұл екеуі бір емес,-деп, атау септігінің өзіне тән арнайы грамматикалық формасы болмағанымен, зат есімнің түбір тұлғасынан өзгеше болып келетін арнайы грамматикалық мағынасы

(субстантивтік-заттық мағына) бар және сол арқылы формасыз атау септік тұлғасы басқа септік тұлғаларындай семантикалық мән синтаксистік қызмет атқаратындығын айта келіп: «сырттай бір-біріне ұқсас болса да, зат есімнің түбір тұлғасы мен атау септік тұлғасы бір емес, бөлек-бөлек грамматикалық тұлғалар, зат есімнің түбір тұлғасы септік тұлғаларының түрленуіне негіз болатын, соның ішінде атау септігіне де негіз болатын тұлға болса, атау септігі – септелудің парадигмалық жүйесіндегі түрлену тұлғасы,-дейді.

Шындығында да, аталған екі тұлға – сырт формасы жағынан ұқсас болғанымен, білдіретін грамматикалық мәні, өзге сөздермен байланысу тәсілі, соған сай синтаксистік қызметі мүлде басқа формалар. Айталық, темір кереует деген тіркестегі темір сөзі мен «Темір – металл» сөйлеміндегі темір сөзінің грамматикалық тұлғасы, өзі бағынған сөзбен байланысу формасы, сөйлемдегі синтаксистік қызметі өзгеше. Бірінші тіркестегі темір түбір тұлғада тұрып, өзі бағынған сөзбен атрибутивтік қатынасқа түссе, сөйлемде берілген темір сөзі атау тұлғада тұрып, сөйлем баяндауышымен жақ жағынан қиысып, предикаттық қатынасқа түседі. Түбір тұлғаның грамматикалық мәні мен қызметінің өзгеше болуына байланысты оны бастауыштық тұлға ретінде тануға болмайды. Егер аталған тұлғаларды бастауыштық тұлға деп танитын болсақ, онда бұл тұлғадағы сөздердің бәрі сөйлемде тек бастауыштық қызмет атқаруы керек.

Ал тілдік фактілер тілімізде бұл тұлғалардың әр түрлі синтаксистік қызметін дәлелдейді. Көптік жалғауы да бастауыштық тұлға болып танылмайды. Көптік жалғаудың негізгі грамматикалық мағынасы – заттың көптігін білдіру. Ол көптік мағынаны білдіргенде, септік жалғауларындай сөз байланыстырушылық қызметті атқара алмайды. Оған төмендегі сөйлемдер арқылы көз жеткізуге болады: Ол келді, олар келді. Бірінші сөйлемдегі ол сөзі өз баяндауышымен 3 жақта, жекеше түрде қиыса байланысып, предикаттық қатынасқа түссе, екінші сөйлемдегі көптік жалғаулы бастауыш өз баяндауышымен қиыса байланысқан кезде баяндауыш тұлғасы еш өзгеріссіз (алдыңғы сөйлемдегідей) қалады.

Тәуелдік жалғауы да бастауыштық тұлға болып саналмайды. Апам келді, інісі ақылды тәрізді сөйлемдердегі бастауыштың грамматикалық тұлғасы, дәлірек айтсақ, сөзді бастауыштық позицияға түсіруші форма – атау септігінің нөлдік тұлғасы. Бастауыш болып тұрған сөздің құрамындағы тәуелдік жалғау оны өзінің алдындағы ілік септікті сөзбен (менің апам, оның інісі) матаса байланыстырып тұр, ал бастауышты баяндауышпен жақ жағынан қиыса байланыстырып тұрған – атау септігі мен жіктік жалғаудың нқлдік тұлғалары (апа-м-0 келді, іні-сі-0ақылды-0)

Атау және түбір тұлғалы сөздердің әрқайсысының өзіне тән грамматикалық мәні мен синтаксистік қызметі болатынын, өкінішке орай, көптеген оқулықтар мен грамматикаларда, зерттеу жұмыстарында ескерілмей келеді. Қазақ тіл ғылымында бұл мәселені көтеріп жүрген С.Исаевтың еңбектері тілші ғалымдардың осы мәселеге аса жауапкершілікпен қарауын талап етеді.

Бастауыш қызметінде жұмсалған сөз не сөз тіркесі атау септігінде келетіндігін М.Балақаев: «Атау тұлғалы сөздер әр уақытта бастауыш қана бола бермейді, сөйлемнің басқа да мүшелері болады. Дегенмен, атау септігін, негізінде, бастауыштық тұлға деп қараймыз», - деп түсіндіреді.(7;85).

Міне, осы сияқты «бастауыш атау тұлғада тұрады», - дей келе, атау септік тұлғасы бастауыштың ғана тұлғалық көрінісі емес, сонымен қатар «...атау тұлғалы сөз мағынасына, орнына қарай анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш және баяндауыш қызметін де атқара береді», - деген пікір академиялық грамматикада да көрсетіледі (11;56).

Шынында да, атау септігі сырттай зат есімнің түбір тұлғасымен ұқсас келетіндіктен, жоғарыда қазақ тілі грамматикаларында көрсетіліп, танылып жүрген атау тұлғасындағы сөздің анықтауыш, баяндауыш болу қызметтері, сондай-ақ кейбір септеулік шылаулар тіркескен сөздер атау септіктегі сөз емес, одан бүтіндей бөлек зат есімнің түбір тұлғасы болатындығын С.Исаев толық дәлелдеген.

Атау септіктің арнайы грамматикалық тұлғасы болмағанымен, бір жағынан, оның түбір тұлғадан бөлек етіп танытатын, екінші жағынан, сол арқылы басқа септік түрлерімен белгілі дәрежеде бірлікте тұрып, іштей олардың саралануына негіз болатын субстанттық мағынасы, сөйлемнің предикатымен жақ жағынан қиыса байланысып, грамматикалық субъект сияқта атқаратын қызметі бар екенін ескермеуге болмайды. Атау септіктің бұл ерекшелігі басқа сөз таптарының сөйлем ішінде атау тұлғада тұрып, бастауыш қызметін атқарып, субстантивтенуінен айқын көрінеді. Сондықтан сөйлемдегі атау тұлғалы бастауышты, демек грамматикалық бастауышты тек сұрақ қою арқылы тауып алуға болады. Ал баяндаушысыз сөйлем болмайды, сөйлемде тек бастауыш қана өз баяндауышымен қиыса байланыса алады.

Грамматикалық формалардың синтаксистік қызметі.

Таблица №1

Грамматикалық тұлғалар	Көрсеткіштері	Білдіретін мағыналары	мысалдар
Түбір тұлға	-	Жалпы грамматикалық мағына	Ақын- жүрек-0 тоқтамайды.
Тәуелдік жалғау	-ым/ім,-ың/ің, -ыңыз/іңіз, -сы/сі,-ы/і	жақтық, меншіктілік	Шәкірт-ім-0 көңіл-ім-нен шықты.
Көптік жалғау	-лар/лер, -дар/дер, -тар/тер	заттың көптігін білдіру	Гүл-дер-0 жапырақ-тар-ы- мен көрікті.
Атау септігі	0	субстанттық, иелік	Жақын- туыс-тар- ым-0 келді.

Логикалық бастауыштың тұлғасы

Тіл ойлаумен тығыз байланыста, өзара қарым-қатынаста болады дегенде, әдетте, тілдік құбылыстар мен логикалық құбылыстардың, соның ішінде, әсіресе, форма мен ұғымның, сөйлем мен байымдаудың бір-бірімен байланысын, өзара қатысы ескерілетінін теріске шығаруға болмайды.

Ал тіл біліміндегі логикалық бағыттың өкілдері осы байланысты асыра бағалап, тілдегі құбылыстар мен тіл біліміндегі ұғымдарға логика ғылымы тұрғысынан анықтама беріп келді. Мұндай анықтамалар бастауыш мүшеге де байланысты берілгенін жоғарыда айттық.

Бастауыш тек ойдың немесе қимылдың иесі тұрғысынан сипаттау логикалық грамматикаға тән. Синтаксистік (грамматикалық) және логикалық бастауыштар қолданылу орны, мазмұны, тұлғасы жағынан бір емес. Грамматикалық бастауыш атау септігі тұлғасында тұрып, сөйлемдегі ойдың негізгі субъектісі болса, логикалық бастауыш ілік не басқа септік тұлғасында тұрады, оның субъектілік қызметі синтаксистік бастауышпен салыстырғанда бәсеңдеу.

Сондай-ақ, грамматикалық бастауыш өз баяндауышымен жақ жағынан, жекеше, көпше түрде қиыса байланысса (мен ай-та-мын 1жақ, жекеше; Сендер келіндер-2жақ, көпше), логикалық бастауыш өз баяндауышымен қиыса байланыспайды.

1 маған

2 саған көп оқу керек (3)

3 оған

Берілген есімдіктер грамматикалық жағынан сөйлем бастауышы бола алмайды, тек логикалық жағынан, яғни ойлау тұрғысынан ғана бастауыш қызметін атқарады. Тұлғасы жағынан логикалық бастауыштар әр түрлі. А.Жақыпов қырғыз тілінде оған ілік, барыс, шығыс септікті сөздерді жатқызса, С.Аманжолов барыс, ілік жалғаулы сөздерді, ал М.Балақаев,

негізінен, ілік жалғаулы сөздерді жатқызады. Атау тұлғасынсыз (басқа формада тұрған, бірақ ой иесін білдіретін) бастауышты мұндай сөйлемдер тілімізде жақсыз сөйлемдер аясында қарастырылады.

Негізгі субъект ілік, барыс септігі тұлғасында келетін сөйлемдердің баяндауыш құрылымы жақты сөйлем баяндауышынан өзгешелігімен сипатталады. Олардың баяндауыштары көбінесе күрделі болады да, мынандай құрамда жұмсалады:

1.-қы,-кі,-ғы,-гі жұрнақты қалау райлы етістікке кел көмекші етістіктерін тіркесуі арқылы жасалады:

Менің арзан сөзді айтқым келеді (Ә.Ә). Мұны сен ойлап таптың ба, біздің соны білгіміз келеді (Л.Лагин).

2.Барыс жалғаулы тұйық етістіктен соң бол, жара, тура, кел деген көмекші етістіктердің келуі арқылы жасалады:

Жақсы мамандардың бос отыруына болмайды. Балаларға әрдайым сақ болуға тура келеді(А.Г).

3.Тұйық етістіктен соң керек, жөн, мүмкін модаль сөздерінің тіркесіп келуі арқылы жасалады:

Біздің ашық сөйлесуіміз керек (Б.Б). Жастарға көп нәрсені үйрену керек.

4.Барыс жалғаулы тұйық етістіктен соң керек, рұқсат, мүмкін сөздері және бол етістігінің көсемше тұлғасы келіп, оларға ма,-ме сұраулық шылаулары тіркесіп айтылады:

Маған бастай беруге бола ма? Бізге кіруге рұқсат па? Мұндай сөйлемдердегі субъект өз баяндауышымен қыса байланыспайтын болғандықтан, оның орнын сол тұлғадағы, бірақ басқа жаққа қатысты субъектілі сөзбен ауыстырып айтуға болады.

5.Өз ішінде предикаттық қатынасқа құралған тұрақты тіркестер арқылы жасалады:

Оның мойнына су кетіп жүр. Бәрінің аузына құм құйылды т.б.

Логикалық бастауыштардың ішінде ілік септікті бастауыштың өзіндік ерекшеліктері бар. Ілік септігі, әсіресе, нөлдік тұлғада тұрғанда грамматикалық бастауышқа өте ұқсас.

Басқа ешкім ат бергісі келмейді (С.М.).	. Басқа ешкімнің ат бергісі келмейді (С.М.)
Бұл жөнінде би аға, батыр аға, мен сіздерден айрықша сүйінші алуыма болады,-деп Аралбай Қойайдар би мен Қангелді батырға інілік назбен жымия қарады (Ж.Т).	Бұл жөнінде би аға, батыр аға, менің сіздерден айрықша сүйінші алуыма болады,-деп Аралбай Қойайдар би мен Қангелді батырға інілік назбен жымия қарады (Ж.Т).
Сен баруың керек.	Сенің баруың керек.

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, формасыз ілік септігіндегі бастауыш өзінің сыртқы тұлғасы мен грамматикалық мәні жағынан синтаксистік бастауышқа өте ұқсас.

Әдетте ілік септігіндегі сөз есім сөзбен тіркесіп, заттың не сапаның кімге тәндігін, меншіктілігін білдіріп, анықтауыш қызметін атқарса, етістікпен тіркескенде ол жоғарыдағы грамматикалық мәннен өзгеше грамматикалық мән береді.

Дәлірек айтсақ, ілік септігінің негізгі грамматикалық мәні – заттың біреуге не бір нәрсеге тіндігін білдірмей, қимылдың субъектісі болып, логикалық тұрғыдан да, кейде тіпті тұлғалық жағынан да грамматикалық бастауышқа жақындайды. Мұндай сөйлемдердің баяндауыштары көбіне

калау райлы етістікке көмекші етістіктің тіркесуі арқылы, тұйық немесе есімше формалары етістікке тіркескен модаль сөздерден жасалып, негізгі етістік құрамындағы тәуелдік жалғау формасы арқылы өз бастауышымен жақ жағынан сәйкес келеді. Бұл - оның өзге тұлғадағы логикалық бастауыштың ерекше сипаты.

Мысалдар:

1. Менікі еді» деп іздеп иедар болып келген адамды біз қазірге дейін көргеміз жоқ (Ж.Т.).
2. Қозыбек жеңіске жетудің басқа жолы бар екенін мойындағысы келмеді (Ж.Т.).
3. Сен көргеніңді ған айтуың керек.

Сөйлем бастауыштары кім көргені жоқ? Мойындағысы келмегені кім? Кім айтуы керек? секілді сұрақтарға жауап беріп, қимылдың нақты субъектісі болса, екінші жағынан, сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышы бірінші сөйлемде жақ тұлғасында, екінші сөйлемде 3 жақ тұлғасында, үшінші сөйлемде 2 жақ тұлғасында бір-бірімен сәйкесіп тұр. Мұндай құрылымды сөйлемдерде меншіктіліктің изафеттік қатынасы бұзылып, ілік септікті анықтауыш (логикалық бастауыш) грамматикалық бастауышқа бейімделуі нәтижесінде, әрі тәуелдік жалғаудың да жақтық мағына білдіруіне байланысты бұрынғы матаса байланысқан тіркес қиыса байланысатын болады.

Ілік септігінің бірде ашық, бірде жасырын қолданылуын ғалымдар белгілілік, белгісіздік ұғымымен байланыстыратыны белгілі жайт. Ал мұндай құрылымды сөйлемдердің ерекшелігін М.Балақаев логикалық субъектінің активтенуі қағидасымен байланыстырады /12;57/. Логикалық субъектінің активтенуі ойлаудың күрделенуі мен дамуының нәтижесінде туындайтыны белгілі. Ал ілік септікті логикалық бастауыштың сөйлем баяндауышымен жақ жағынан үйлесуі мәселесінде мына жайттар назар аударарлық:

Түркітанушы ғалымдар арасында Н.К.Дмитриев етістіктер құрамындағы –м, - ң формаларын /бар-ды-м, бар-ды-н/ тәуелділікті білдіретін

қосымша деп таниды. /13;107-108/. И.И.Мещанинов өткен шақ /жаздым, жаздың/ пен шартты рай формаларынан келген бұл формаларды /жазсам, жазсаң/ зат есіммен /қолым, қолың/ салыстыра отырып, етістік құрамындағы аффикстерді тәуелдік жалғаудың қалдық формасы деп есептейді /14;238/.

Жоғарыдағы сөйлемдерде көрсетілген тілдік фактілер тәуелдік жалғауымен жіктік жалғаудың арасында қандай да бір органикалық байланыс бар екенін дәлелдей түссе керек.

Сонымен, логикалық бастауыш-граматикалық /синтакситік/ бастауыштан өзіндік ерекшеліктері бар ой иесі болуы жағынан ортақ сипаты болғанымен, оның тілде көріну, яғни граматикалық тұлғалануы жағынан өзгешеленетін бастауыштың түрі. Қазақ тілінде ол ілік және барыс септігі тұлғасында көрінеді.

Баяндауыш

Баяндауыш туралы сөз қозғамастан бұрын оның сөйлемде атқарар жүгін айқындап алған жөн. Бұл – аса күрделі де маңызды мәселе. Мәселеге осы тұрғыдан келу зерттеу объектісінің қаншалықты маңыздылығын көрсетіп қана қоймайды, тіл білімінде әлі де болса шешімін таппай жүрген мәселе төңірегінде теориялық нақты тұжырым жасауға жетелейді.

Баяндауыш, оның ережелері туралы пікірлер көп. Сондықтан да біраз ережелерді келтіріп, сонан кейін оны талдап көрейік. Х.Басымов: «баяндауыш мүше шығаратын мағынасы жағынан бастауыштың болмыс ісін, жайын, сапасын, не екендігін айқын білдіреді – дейді.

І.Бәйтенов а) қара сөзде сөйлемнің аяғына, көбінесе тістіктен кейін тұрған сөзді «баяндауыш» - дейміз, ә) сөйлемнің ішіндегі барлық сөздің түсінігі онсыз шешілмей тұрған сөзді «баяндауыш» дейміз; б) бастауыштың күйін, жайын, қимылын көрсетіп тұрған сөз «баяндауыш» болады, - деп талдайды. С.Аманжолов: бастауыштың ісін, қимылын білдіріп, сөйлемдегі

ойдытиянақтайтын сөйлемнің мүшесін баяндауыш дейміз және бастауышқа бағынып, онымен жақ жағынан жекеше, көпше түрде үйлесіпайтылатын тұрлаулы мүшені баяндауыш дейміз, дейді. М.Балақаев: бастауыштың жайын, ісін білдіретін сөйлем мүшесі десе, Х.Арғынов: баяндауыш бастауыштың қимылын, ісін, жайын, күйін, заттың сындық сапасын, санын, мөлшерін, мекенін, мезгілін білдіреді, - деген тұжырым айтады, Р.Әміров: Предикативтілік іс - әрекетті, сапаны білдіретін сөйлем мүшесін айтамыз десе, М.Серғалиев: бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, қасиетін көрсететін сөйлем мүшесі – деп қорытады. Ал, Ә.Нұрмаханова: Ол бастауышпен предикаттық байланысқа түсіп, оның қимылын, іс - әрекетін, күйін ілдіреді, - дейді. Сол сияқты кейбір түркітанушы – ғалымдардың да баяндауыш туралы мына пікірлерін келтірейік: Н.А.Кононов: баяндауыш грамматикалық жағынан бастауышқа бағынышты екі құрамды сөйлемнің бас мүшесі; А.Жапаров: сөйлем бастауышына грамматикалық жағынан бағынышты болып, оның қимыл - әрекетін, амалын, кім екендігін, белгісі мен сан ретін тағы солар сияқты қасиетін баяндап тұрған бас мүшесінің бірі – деген тұжырым жасаған. Баяндауышқа байланысты бұдан басқа да ережелерді беруге болады. Біз енді осы ережелердегі көтерілген мәселелер, олардың қайсысына өзіндік пікір айтуға болатынына назар аударалық:

Ең алдымен, осы ережелер бойынша нендей шарттар барын көрейік:

1. Баяндауыштың бастауышқа бағынышты сөйлем мүшесі екендігі;
2. Баяндауыштың сөйлемдегі ойды тиянақтайтындығы;
3. Баяндауыш бастауыштың әр түрлі қасиетін көрсетеді: а) ісін, қимылын, ә) оған қоса жайын, күйін, заттық, сындық сапасын, мөлшерін, мекенін, мезгілін; б) іс - әрекетті сапасын; в) қасиетін; г) амалын; д) кім екендігін, белгісі мен сапа ретін, т.б.
4. Баяндауыштың бастауышпен жақ , жекеше, көпше түрде үйлесуі;
5. Предикативтілік білдіруі;
6. Олардың екі құрамда болатындығына байланысты;
7. Сөйлемнің бас мүшесі екендігі;

Баяндауыш астауышқа бағынышты бола отырып, оның әр түрлі қасиетін көрсететіндігі туралы пікір әр қилы. Соның бәрін жинақтай келгенде, баяндауыш бастауыштың жоғарыдағыдай қасиетін көрсетеді деп білеміз.

Әрине, баяндауыштың бастауыштың мұндай қасиетін көрсетуі, шындап келгенде, ол оның қай сөз табынан жасалғанымен, бәрібір бастауыштың әр түрлі қасиетін айқындауда басты тұлға.

Бір етістіктен болған баяндауыштар бастауыштың ісін, қимылын, іс - әрекетін, жайын, күйін, амалын, т.б. білдіреді. Түптеп келгенде, осылардың бәрі қимылға қатысты айтылатын сөздер. Осылардың ішінде етістік баяндауышқа тікелей қатысты, яғни етістіктен болған баяндауыш туралы « ісін, қимылын, іс-әрекетін» деген сөздер нақты дәлелдесе керек. Ал жайын, күйін, амалын сияқты сөздерді қолдану мәселесі абстрактылау ма деген пікірге келеміз. Баяндауыш ережесіне жайын, күін, т.б. сөздерді қолдану мағыналық та, стильдік те жағынан келе бермесе керек. Зат есімнің баяндауыш болуы арқылы бастауыштың кім, не екендігін, заттың мекенін, т.б. білдіреді дейтін де сөздерді кездестіреміз. Әрине, зат есімнен болған баяндауыштардың мағыналық қасиеті түрліше. Оның өзі баяндауыш болатын зат есімдердің қолданылуына байланысты.

Зат есімдер жалқы есім, күрделі атаулар болып қандай тұлғаларда келуіне байланысты олар әр түрлі мағынаны білдіреді. Мысалы: Отаным – алтын бесігім. («Социалистік қазақстан») дегендегі баяндауыш заттық мағынаға ие болса, ал колхозшылар – Бірлік колхозында. («Лениншіл жас») дегенде баяндауыш мекендік қасиетке ие болып отыр. Біздіңше, зат есімнен болған баяндауыштар бастауыштар заттық қасиетін білдіреді дей келіп, оның енді өзін іштей зат есімнің баяндауыш болу кезіндегі тұлғалық ерекшелігіне байланысты да, іштей қандай-қандай мағыналарда қолданылуы екінші дәрежелі мәселе демекпіз. Мәселен: *Ол – студент, ол – Асан* дегенде оның кім екенін, *Мынау – қант* дегенде заттықты, *Олар ауылда* дегенде мекенді білдіруі, т.б. олардың баяндауыш болу кезіндегі, біріншіден, ол сөздердің семантикасына да байланысты. Зат есімдердегі осы сияқты өзгеріс, шындап

келгенде, әр түрлі заттану процесінде сын есім, сан есім, есімше де болатыны айқын.

Сонымен, баяндауыш бастауышқа бағынып, оның қимылын, іс - әрекетін, кім, не екенін, заттық, мекендік, сындық, қасиеттерін білдіретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі.

Баяндауыштың жасалуы

Сөздердің түбір күйінде баяндауыш болуы. Қай сөздің болса да сөйлемде баяндауыш қызметінде тұруы сол сөйлемдегі субъектілік, предикаттық қатынастан көрінеді. Сондықтан баяндауыштың қызметі басқа мүшелермен, әсіресе бастауышпен, қатар қойып айтқанда айқын болады: *қара,керек* сөздерін *сен малға қара, мысыққа ойын керек* дегендей тіркесте айтқанда болмаса, олардың баяндауыш екендігі белгілі болмайды.

Сондай дара тұрып, түбір күйінде көбірек баяндауыш болатын сөздер – етістіктер. Олардың түбір күйінде баяндауыш бола кетуінің себебі олардың II жақтық грамматикалық мағынаны да білдіруімен байланысты болу керек. Сондай сөздердің баяндауыш қызметінде жұмсалуды олардың айтылу жағдайымен де байланысты. Жападан жалғыз жайбарақаттанып отырған кісі қоңыр дауыспен өзінен-өзі *шық, түс* десе, сырттан тыңдаған кісі не айтып отырғанын түсінбес еді, айтып отырғаны қай *шық, қай түс*, - етістік мағынасындағы *шық, түс* пе не зат есім мағынасындағы *шық, түс* пе? Ал бір кісі екіншісіне есік жаққа бас изеп *шық* десе, не атты кісіге қарап жерде тұрған кісі *түс* десе, онда жоғарғы сөздердің баяндауыштық мағынасы айқын болады. *Мен, рас* деген сөздер жеке айтылса, баяндауыш болмас еді. ал *Мені шақырған кім?* дегенде: - *Мен десе, осы айтып отырғаның рас па?* дегенде: - *Рас десе*, олар толық мағыналы баяндауыш болар еді.

Есім сөздер де түбір күйінде, ешқандай баяндауыштық жалғау жалғанбай – ақ баяндауыш бола береді. Бірақ ол үшін бастауыш пен

баяндауыш қатар айтылу керек. Сонда олардың сол қызметте жұмсалуына себеп болатын жағдай олардың сөйлемде белгілі орында тұруы болады. *Жамал отызда. Ол тәртіпті. Сапар – доктор, т.б.*

Етістіктің *кел, ал, бер, отыр* сияқты түбір күйі де сол қалпында, жіктік жалғауынсыз-ақ, сөйлемдер тұрған орнына қарай баяндауыш бола береді дедік. Бірақ олар II жақтық мағынада айтылып қалыптасқандықтан, кейде бастауышсыз да жұмсалады, бастауышпен орын ауысып та айтылады: *Кел, балалар, оқылық* (Ы.Алтынсарин). *Тыңда, дала, Жамбылды* (Жамбыл).

Түбір етістіктердің ішінде жақтық мағынасы екі түрлі болып келетіндері: *тұр, отыр, жатыр, жүр*. Бұлар осы қалпында дара тұрып II жақтық та, III жақтық та баяндауыш болуы мүмкін.

Сөздердің грамматикалық тұлғалар арқылы баяндауыш болуы. Баяндауыштардың морфология – синтаксистік тұлғасы – жіктік жалғаулары. Жіктік жалғаулар □ әрі баяндауыштық тұлға, әрі бастауыш пен баяндауышты өзара байланыстыратын синтаксистік тұлға. Олар тек етістікке ғана емес, баяндауыш қызметіндегі I, II жақтық есімдерге де жалғанады. Егер жіктік жалғаулар етістіктердің **отыр, тұр, жүр, жатыр** деген төрт етістіктен басқаларының түбіріне тікелей жалғанбай, көсемше, тұйық рай қосымшаларынан кейін ғана жалғанатын болса, есімдердің негізгі, туынды түбірлеріне де, тіпті, жатыс, шығыс септіктеріндегі сөздерге де жалғана береді: *Мен қырықтамын; Біз бәріміз колхозданбыз.*

Бұдан жіктік жалғаудың сөздерге жалғаудың мүмкіншілігі үлкен, синтаксистік қызметі әрі орнықты екенін әрі бастауыштың тұлғасын бастауыштан көруге мүмкіндік беретін грамматикалық форма екенін аңғарамыз.

Түркі тілдерінің бір қатарларында (мысалы: *өзбек, құмық, т.б.*) есімдерден болған баяндауыштарға кейде *дүр, дир, дыр, тұр* тұлғасы жалғанады. Қазақтың қазіргі әдеби тілінде ол баяндауыштық тұлға жұмсалмайды десе де болады. Оны фольклордан, өткен ғасырлардағы әдебиеттен ғана кездестіруге болады.

*Жақсылыққа жамандық –
Әр кісінің ісі дүр.
Жамандыққа жақсылық
Ер кісінің ісі дүр*

(Мақал).

Баяндауыштардың негізгі түрлері.
Сөз табының бәрі де баяндауыш бола алады. Дегенмен көбінесе баяндауыштық қызметте жұмсалатын сөздерді жіктегенде, олар мынадай басты – басты негізгі екі салаға бөлінеді:

1. Етістік баяндауыштар; 2. Есім баяндауыштар.
Етістік баяндауыштар да, есім баяндауыштар да ара күрделі және ол екі түрі аралас айтылған құрама болуы мүмкін.

ЕТІСТІК БАЯНДАУЫШТАР

Етістіктерден болған дара баяндауыштар

Етістіктердің сөйлемдегі негізгі қызметі – баяндауыш болу. Олардың баяндауыш болу қабілеті өте күшті. Сондықтан қазақ тілі сөйлемдерді баяндауыштарының дені – етістікті баяндауыштар. *Айттым, болды. Кестім, үзілді!.. Тараңдар!.. Жүр* (Ғ.Мүсірепов) дегендегідей олар дара күйінде-ақ баяндауыштық қызметте бір құрамды тиянақты сөйлем болып та келеді немесе *Тереңге мені сал, биікке мені жұмса* (Ғ.Мүсірепов) дегендегідей, өзіне басқа сөйлем мүшелерін ілестіре көп құрамды сөйлемнің жетекшісі болып та кездесе береді.

Етістіктердің сөйлемдегі басқа қызметінен гөрі баяндауыш қызметінде жұмсалыуынан олардың өздеріне тән мағыналық, грамматикалық ерекшеліктері айқын көрінеді. Мысалы, салт, сабақты етістіктердің баяндауыш болу амалы бірдей, бірақ олар қатысқан сөйлемнің құрамы бірдей емес. Мысалы:

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты, жылы жүзбен Терекке амандасты
(Абай). *Амантайдың жүрегі аттай тулады... Ол түтіннің исі жерге жоламайды* (С.Мұқанов)

Осы мысалдардағыдай, салт етістік баяндауыш болған сөйлемде тура толықтауыш болмайды (мысалы: ... амандасты, ... тулады), ал сабақты етістікті онымен байланысты тура толықтауыш болуға тиіс (мысалы: көзін ашты).

Етістіктің сабақты және салт болуы сияқты, брлымды және болымсыз болуы да етістік атаулыға ортақ болғандықтан, оның баяндауыш қызметінде жұмсалуда да ерекшелігі жоқ. Дегенмен солар арқылы б о л ы м д ы, б о л ы м с ы з сөйлемдер жасалатындықтан, олардың баяндауыш болуын ерекше атау керек болады. Оның үстіне айтпаймын, жазбаймын деген сияқты, ашық райлы болымсыз етістікті баяндауыштың кейде айтпан, жазбан болып айтылуында стильдік айырмашылық болады. Мысалы, бір істі істеуден үзілді – кесілді бас тартқанда, соңғы формалар қолданылады. Бұл көбінесе ауыз әдебиетінде жиі ұшырасады:

Тәуекелге келгенде, алдымда тау тұрса да, тайынбан (Ғ.Мұстафин).
Өлеңім – оқ, ол алдымда. Мен де жаудан шегінбен (Жамбыл).

*Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар-намысымды қашырман
Бұлтқа жетпей шартсынбан,
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман*
(Махамбет).

Етістіктер райлық, шақтық тұлғаларының барлығында да баяндауыш бола береді.

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын (Абай). Бізді ешкім таныстырмады, өзіміз танысайық (Ғ.Мұстафин). Кел, балалар, оқылық, Оқығанды көңілге ықыласпен тоқылық (Ү.Алтынсарин).

Етістіктер етіс тұлғаларына да баяндауыш қызметінде жұмсалады:

Өнер – білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды (Ү.Алтынсарин). Қаптады қол, салынды жол, бұзылды тау, кесілді шөл.(А.Тоқмағамбетов). Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып (Абай).

Көсемше тұлғалы етістіктер дара күйінде құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары болып келе береді. (*Жаңбыр жауып, жер көгерді*), бірақ кейбір өлеңде болмаса, жай сөйлемнің тиянақты баяндауышты бола алмайды.

Есімшелердің баяндауыш қызметінде жұмсалуы басқа есімдердей: I, II жақта баяндауыштық жіктік жалғауда айтылып, етістікпен қиысып тұрады, III жақта жіктік жалғау жалғанбайды.

Етістіктерден болған күрделі баяндауыштар

Күрделі етістікті баяндауыштың құрамы. Қазақ тілінде де әлденеше етістіктер түйдекті топ құрып, баяндауыш қызметінде жиі кездесетіні белгілі. Олардың көп құрамды болудағы баяндауыштық негізгі қызметі – қимыл процесінің құбылмалы нәзік реңктерін білдіру.

Қазақ тілінде көмекші етістіктер көп, олар аса жиі қолданылады: арнаулы көмекші етістіктерден басқа негізгі етістіктердің де бірталайы көмекші болып жұмсала береді. Олардың өзара көсемше, есімше тұлғалар арқылы байланысқан түйдекті тобының құрамы екі я үш, кеде төрт я бес етістікті болып та келеді.

Кітап оқып кетіп бара жатыр едім, сүрініп кетіп, жығылып қала жаздадым деген бір құрмалас сөйлемнің ішіндегі он бір сөздің *кітап*

дегеннен басқалары – түгелімен етістіктер. Олардың алдыңғы сөйлемдегі *оқып кетіп бара жатыр едім* деген бесеуі біріне бірі ұласқан бір істің жайын хабарлайтын бір мүше (баяндауыш) болып тұр. Екінші сөйлемде бес етістік бар. Оның алдыңғы екеуі (*сүрініп кетіп*) пысықтауыш қызметінде де, соңғылары (*жығылып қала жаздадым*) баяндауыш қызметінде жұмсалып тұр. Соңғы үш етістік аяқталмаған қимыл процесін білдіреді.

Күрделі баяндауыш құрамындағы етістіктердің қызметі. Көмекші етістіктер жоғарғыдай синтаксистік тіркеске түсіп, баяндауыштың шақтық, тұрпаттық (видтік), модальдық, т.б. мағынасын түрлендіріп, кейде бір қалыптан екінші қалыпқа түседі. Ондайда кез келген етістік қатар қойылып, оның алдыңғысы негізгі, соңғысы көмекші қызметте жұмсала берілмейді, олардың біріне – бірі үйлес келетін, бірін – бірі толықтыратын, кейде біріне екіншісінің мағынасына қарсы келетін етістіктерден құралып, синтаксистік бірлік жасалады.

Негізгі етістіктер мен көмекші етістіктер түйдекті топ құрып күрделі баяндауыш болғанда, субъектінің қимыл процесінің әр түрлі құбылыстарын, мысалы: істің, қимылдың біткенін, бітпегенін, олардың қарқынын, тыңғылықтығын, тыңғылықсыздығын, бастау, аяқталу кезеңдерін білдіреді. Мысалы, *Оқушылар клубқа кіріп жатыр* дегенде, баяндауыш жаңа ғана басталған қимыл процесінің ұласпалы қалпын білдіреді. *Ол жүгіріп келеді* дегенде, баяндауыш бастауыштың аяқталмаған әрекетін білдіреді. Ондайдың әлі де көпке созылғандығын білдіру үшін қазақ тілінде баяндауыш қайталанып та айтылады:

Жапан далада жан –жағына алақтап жалғыз әйел жортып барады, жортып барады. Кең далада жалғыз адам жүзіп келеді, жүзіп келеді. Өзгеше бір күй кең даланы күңірене шайқай береді, шайқай береді (Ғ.Мұстафин).

Баяндауыштардың осылайша қайталанып айтылуы да қимылдың созылықтылығын білдіруі – күрделі етістік баяндауыштардың

жұмсалудағы стильдік ерекшеліктің бірі. Бұлай айтудың тағы бір қызметі бар. Ол – баяндауыш арқылы айтылған ойды бекемдей, нығздай түсу;

Ол қыз – Ботакөз десе – бота көз (С.Мұқанов). Ешкімнің ақылының керегі жоқ. Барамын деген соң – барамын (Б.Майлин).

Күрделі баяндауыштардың қимыл кезеңдерін білдіруі

Қазақ тілінде, орыс тіліндегідей, сараланған видтік категория жоқ. Бірақ күрделі етістіктерден болған баяндауыштар әр түрлі құрамда айтылып, әр түрлі қимыл кезеңдерін білдіреді. Олардың бастылары мыналар:

1. Қимылдың басталу кезеңі. *Отыр, қал, жатыр, кел, баста, жөнел*, т.б. көмекші етістіктер қатысты күрделі баяндауыштар қимылдың не күйдің басталып қалғанын, басталғанын білдіреді:

Таң бозарып атып келеді. Коля кеткелі жатыр (Ғ.Мүсірепов). Зылиха шай құя бастады. Жақып сөйлей жөнелді (Ғ.Мұстафин).

2. Қимылдың болып жатқан кезеңі. Мұндай мағынада жұмсалатын баяндауыштың құрамында *тұр, кел, бер, жүр, қой, тұс*, т.б. көмекші етістіктері болады:

Жарқыраған май күні... тамылжып тұр (М.Әуезов). Қалует Баршагүлге күле сөйлеп келеді (Ғ.Сланов). Жомарт тағы бірдеме үйретіп жүр. Ахмет оның жүзіне қарап қояды да сөйлей береді (Ғ.Мұстафин).

3. Қимылдың аяқталып қалған кезеңі. Мұндай мағынаны білдіретін күрделі баяндауыштың құрамында *қал, кел, кете, жазда* сияқты көмекші етістіктер болады.

Жұмыс аяқталып қалды. Жиналыс бітіп келеді. Күңше Жабайды соғып кете жаздады (Ғ.Мүсірепов).

4. Қимылдың аяқталған кезеңі. Күрделі баяндауыштар бұл мағынаны білдіру үшін олардың құрамында *жібер, кет, бер, бол, қой, таста* сияқты көмекші етістіктер болады:

Хатты кеше баласынан беріп жіберді. Жолаушылар жүріп кетті. Әмірге кітап алып бердім. Ол айтып болды.

5. Қимылдың дүркінділігі. *Қой, бер, жатыр, отыр, тұс, бар* сияқты көмекшілер қатысты күрделі баяндауыштар қимылдың қайталанғанын, істің дүркін – дүркін істелгенін білдіреді:

Абай күрсініп қояды (М.Әуезов). Жақсылық күлімдей түсті (Ғ.Сланов). Жылқы етінің иісі мұрныңды жарып барады (Ғ.Мұстафин). Қонақтар бірінен соң бірі келіп жатты.

Есім баяндауыштар

Есім баяндауыштар туралы жалпы түсінік

Қазақ тілінде есім сөздердің (*зат есім, сан есім, сын есім, есімдіктердің*) қайсысы болса да баяндауыш қызметінде жұмсала береді, бұл үшін олардың қасында көмекші етістіктің тұруы шарт емес. Сонымен қатар есімді сөйлемдердің қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері де бар. Оларды басқа тілдердің, мысалы, орыс тілінің фактілерімен салыстырғанда, дұрыс түсінуге болады.

Мен студентпін – Я есть студент. Бұл сөйлемдердің сыртқы тұлғалық белгілеріне қарасақ та, сөйлемге бас мүшелердің өзара байланысу амалдарына қарасақ та елеулі айырмашылығы барлығы байқалады. Егер

Мен студенттін дегенді *Я – студент* деп аударсақ, ондағы айырмашылық баяндауышқа қазақшада жіктік жалғаудың жалғануында ғана емес, сол арқылы баяндауыштың баяндауыштық мүшелік дербестігі сақталып, сөйлемдік құрылысының берік болуында.

Қазақ тілінде зат есімді, сол сияқты басқа есімдерді түбір күйінде баяндауыш қызметінде қолдану үшін, бастауыш пен баяндауыш белгілі орындарда тұрады: баяндауыш бастауыштан кейін тұруы керек: *Ол – студент, Рәбиға – инженер, Абай – ақын*, т.б. Бірақ ондайда қатар айтылған тұрлаулы мүшелерді өзара байланыстырып, олардың мүшелік қызметін айқындауға себеп болатын – дауыс ырғағы.

Зат есімдерден болған баяндауыштар

Зат есімдер түрлі тұлғада, тіпті кейбір септік жалғауларында тұрып та, баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Ондай зат есімдерден болған баяндауыштар бастауыштың негізінде, **з а т т ы қ с а п а с ы н к і м, н е е к е н і н** білдіреді:

Түнергенде – түнмін, күлгенде – күнмін. Сөзім – шекер, тілім – бал, лебізімнен алған нәр (Ғ.Мұстафин).

Зат есімдер көлемдік септіктерде, әсіресе жатыс, шығыс жалғауларында баяндауыш қызметінде айтылады;

Вагонда ояу тірі жан жоқ, бәрі де шырт ұйқыда. Оның ұғымында дүниедегі ең зор байлық суда (С.Мұқанов). *Қой баласы қозыдан* (Мақал). *Бұл ауыл қазір Ойқұдықта* (М.Әуезов).

Жатыс жалғауда тұрған баяндауыш шығыс, барыс жалғаулардағыдан гөрі жиі ұшырайды. Сонда жатыс жалғаудағы баяндауыш қай сөзден болғанына қарай бастауыштың мекенін, орнын қалыпты күйін, қимылдың дүркінділігін білдіреді.

Тәуелді жалғаулы зат есімдер басқа жағдайда өзі ілік септікті заттың меншігі болып тұратын болса, баяндауыш қызметінде ол екеуі не тәуелдеулі

сөздің бір өзі баяндауышты өзіне меншіктеп тұрады (Мысалы: *Алматы – астанам, Райхан – қарындасым*). Ал бастауыш та, баяндауыш та тәуелдеулі сөздер болса, ол екеуінің бұл айтылғандай мағыналық қатынасы болмайды.

Сапалық есімдер мен есімдіктерден болған баяндауыштар

Сапалық есімдер мен есімдіктердің бәрі де баяндауыш қызметінде жұмсала береді. Бірақ олардың баяндауыш болу дәрежесі де, баяндауыштық қызметі де бірдей емес.

Сапалық есімдер (сын есім, сан есім) әдетте зат есімдердің әр алуан сындық, сандық сапасын білдіріп, көбінше анықтауыш болумен қатар, баяндауыштық та қызметте көп айтылады. Олар анықтауыш болғанда, анықтайтын зат есімнің алдында келсе, баяндауыш болғанда, бастауыштан соң тұрады, оның қандай, қанша екенін, қандай күйде екенін білдіреді. ***Ай жарық; Қар қалың; Ауа райы жақсы; Оқушылар тәртіпті. Білгенің – бір тоғыз, білмегенің – тоқсан тоғыз.***

Сапалық есім баяндауыштар бастауыштардан оқшауланып, айырым интонациямен айтылады. Ондайда бастауыштардың айтылу әуені көтеріңкі болады да, баяндауыштардың айтылу әуені одан төмен болады.

Сапалық есімдерден болған баяндауыштар I, II жақтық жіктік жалғауларда айтылғанда олар бастауыштан онша оқшауланбайды, мұндайда екі бас мүше бір сыдырғы әуенмен айтылады:

Біз бақыттымыз. Сен әдептісің. Сіз еріншексіз. Біз жиырма төртпіз.

Сапалық есімдер тәуелдеулі зат есімнен бастауышы бар сөйлемдердің баяндауышы болып жиі кездеседі:

Кіре берістегі әскери адамның өңі суық, сөзі қысқа (Ғ.Мұстафин).
Оның бойы зор, бас бітімі ірі келген, келбетті (М.Әуезов).

Есімдіктер қай сөз табына қатысты сөздердің орнына жүрсе, сол сөзге тән синтаксистік қызмет атқарады. Солай болатындықтан, есімдіктердің бәрі

де баяндауыш бола алады. Дегенмен бұл қызметте жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктері жиі кездеседі:

□ *Бұл кім өзі?* (Ғ.Мұстафин). – *Ол сенсің ғой, Абай! Жидебайдағы қыстаудың ең үлкен бөлмесі – осы* (М.Әуезов).

«Бар», «Жоқ» сөздерінің баяндауыш қызметінде жұмсалуды

Арада тау бар, тас бар, өзен бар, теңіз бар, ит мұрны өтпейтін қалың орман бар, олардан қалай өттің? (Ғ.Мүсірепов).

Бұл сөйлемдерде *бар* сөзі бастауыштармен қатар тұрып, баяндауыш қызметінде жұмсалған: *тау бар, тас бар, өзен бар, орман бар*.

Сол сияқты, *жоқ* сөзі де баяндауыш болып жиі қолданылады: - *Жоқ, жоқ! Нағыз сұлу, нағыз ақылды бала менікі еді... Сенде ол да жоқ* (Ғ.Мүсірепов).

Бар, жоқ сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда, бастауыш болған заттардың қайда, кімде, неде екенін, *бар* – жоқтығын факт ретінде баяндайды. Ондай сөйлемнің құрамында жатыс жалғаулы пысықтауыш не толықтауыш жиі кездеседі.

Алматыда Омарбек деген жолдасым бар. Жылқыда өт жоқ (Мақал).

Бар, жоқ сөздерінен болған баяндауыштар III жақта әр уақытта сөйлемнің соңында, көбінесе, бастауыштармен қатар тұрады.

Жоқ сөзі өткен шақтық есімшемен тіркесіп, сөйлемнің күрделі баяндауышының құрамында да қолданылады.

Есімдерден болған күрделі баяндауыштар

Күрделі баяндауыштың құрамы. Есімдерден құралған

сөз тіркестері де баяндауыш қызметінде жұмсалады. Күрделі есім баяндауыштардың құрылысы, негізінде, мынадай болады:

1. Күрделі атаулар мен күрделі есімдер:

Бейбітшілік ордасы – халықтар достығы. Екі ауданның арасы – бір жүз елу бес километр.

2. Изафеттік тіркестегі есімдер тобы:

*Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы
(Абай).*

*Ұлы Октябрь – жыр басы,
Ақындықтың арнасы
(Жамбыл).*

Құрама баяндауыштар

Құрама баяндауыштар есімдер мен етістіктерден құралады. Мысалы:

*Мына төсекте сақалы ербиіп жатқан – осы **Нағиманың ері**. Кәсібі – **ағаш шабу** (Б.Майлин). Осы мысалдағы «Нағиманың ері» - күрделі есім баяндауыш. Егер оған «еді», «екен», «болатын» сияқты көмекші етістік қосып айтсақ, баяндауыш құрама болады. *Кәсібі ағаш шабу* деген сөйлемнің баяндауышы – *ағаш шабу* – құрама.*

Құрама баяндауыштың негізгі сөзі көбінесе есім болады.

Есім баяндауыштардың қызметін тиянақты ете түсіп, оларға шақтық, видтік, модальдық мағына қосу керек болғанда, олардан кейін әр түрлі көмекші етістіктер, модальдық сөздер айтылады.

Құрама баяндауыштардың негізгі сөзі зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, еліктеуіш сөздер болады да, оларға көмекші етістіктер (*еді, екен, ет, бол, қыл, көр, т.б.*) немесе модальды сөздер (*керек, тиіс, шығар, болар, сияқты, т.б.*)

қатысты болады. Мысалы: *Сен бала едің. Мен жас емеспін. Оқушылар тәртіпті көрінеді.*

Құрама баяндауыштағы көмекші етістіктер. Есім баяндауыштарға да өткен шақтық мән беріп, олардың баяндауыштық қызметін айқындай түсетін көмекші етістіктің бірі – е:

Ол музыканы, ән – күйді жақсы көретін әйел еді. Амантай мен Тұяқ жас кезінде егіз қозыдай еді (С.Мұқанов).

Е к е н - е етістігінің есімше түрі. Ол есім баяндауыштардың құрамында есімдердің баяндауыштық қызметін орнықты етудің үстіне екі түрлі мағынада жұмсалады. Біріншіден, есім баяндауыш арқылы айтылған ойға сөйлеушінің, жазушының субъективті көзқарасын білдіреді. Оның соңғы қызметі басымырақ.

Е м е с сөзі баяндауыш қызметіндегі болымды есімдерді болымсыз ету үшін, болымсызды болымды ету үшін жұмсалады.

Б о л етістігі де есім баяндауышқа көмекші қызметінде жиі қолданылады. Ол негізгі баяндауыш қызметіндегі есімдердің шын болмыс екенін, қалыптасу процесін, күйін білдірумен қатар, етістіктерге тән түрлі қосымшаларда жұмсалып, есім баяндауыштарға әр түрлі шақтық мағына қосып тұрады.

Құрама баяндауыштағы модальды сөздер. *Сияқты, секілді, тәрізді, шығар, болар, көрінеді, білем, керек, тиіс* деген модальды сөздер есім баяндауыштарға көмекшілік қызметте айтылғанда, оларға шақтық мағына қосу үшін емес, сөйлемдегі ойға айтушының әр түрлі көзқарасын білдіру үшін жұмсалады.

Сөйтіп, құрама баяндауыштағы көмекші сөздер өздері қатысты есімдерге, еліктеуіш сөздерге түрлі – түрлі шақтық, видтік, модальдық мағына қосумен қатар, олардың баяндауыштық қызметін тиянақты етіп отырады.

Қорыта айтқанда, бастауыш пен баяндауыштың сөйлемдегі рөлін «Қазақ тілі грамматикасында: Бірақ бастауыш пен баяндауыш өзара бара – бар тепе

–тең деуге болмайды. Олардың теңдіңгі – диалектикалық теңдік. Өйткені олар белгілі бір дәрежеде бір –біріне қарама – қарсы. Баяндауыш бастауышқа бағынады. Бастауыш пен баяндауыш бірлесіп барып айтылған ойды аяқтап, тиянақтайды» деп тұжырымдайды.

Баяндауыштың грамматикалық тұлғасы

Сөйлемдегі сөздерді синтаксистік қызметі жағынан таптастырғанда, оның морфологиялық құрылымы, өзге сөздермен тіркесімділігі, сөйлем ішіндегі орны ескеріледі. Бұл жөнінде И.Мешанинов: «... Синтаксические группы имеют свои основания к их выделению. Они сами отделяются от другого состава предложения тем внутренним их объединением, которые проводится соответствующими синтаксическими приемами. Эти группы образуют собою внутреннее членение предложения имеют свои особенности», - деп көрсетеді /14;145/.

Расында да, етістіктің жіктелуі, есім сөздердің белгілі бір септік жалғауында тұруы осы формада тұрған сөздің контекстегі айтылған бүкіл ойдағы синтаксистік маңыздылығын нақтылай түседі. Әсіресе, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын баяндауыштың грамматикалық сипаты оның өзіндік морфологиялық құрамымен айқындалады.

Қазақ тіл білімінде баяндауыштық тұлға туралы аз сөз болып жүрген жоқ. Н.Сауранбаев баяндауыштық тұлға ретінде жалғаусыз жіктік жалғауын, тәуелдік, көптік, атау, жатыс септіктеріні жалғауларын, -нікі, -дікі қосымшаларын көрсетсе,, С.Аманжолов атау тұлғасын және жіктік жалғауын көрсетеді. М.Балақаев сөздердің түбір күйінде, грамматикалық тұлғаларда (жіктік жалғауы, -дүр, -нікі, -тікі, -дікі қосымшалары) баяндауыш болатын, О.Күлкенова түбір күйіндегі, жіктік, септік, тәуелдік жалғау тұлғаларындағы сөздердің баяндауыштық қызметін көрсетеді /15/. Т. Сайранбаев сөздердің түбір күйінде, жіктік жалғау, -нікі, -дікі, -тікі, көсемше, есімші, шартты рай тұлғалары мен септік және тәуелдік жалғауларының сөйлемдері баяндауыштық тұлға болып табылатыны ашып көрсетеді /8;100-103/. Аталған

тұлғалардың сөйлем баяндауышы құрамынан табылатыны ешқандай дау туғышбаса керек, алайда объектіге алынып отырған сөзге предикаттық, баяндауыштық сипат беруде бұл тұлғалардың атқарар жүгі әр түрлі.

Алдымен, түбір тұлғада тұрған сөздің баяндуыш қызметін атқаруы туралы қалыптасқан көз – қарасқа тоқталайық. М.Балақаев түбір сөздің баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы: «Сондай дара тұрып түбір күйінде көбірек баяндауыш болатын сөздер – етістіктер... есім сөздер де түбір күйінде, ешқандай баяндауыштық жалғау жалғанбай –ақ баяндауыш бола береді. Бірақ ол үшін бастауыш пен баяндауыш қатар айтылуы керек сонда олардың сол қызметке жұмсалудына себеб болатын жағдай олардың сөйлемде белгілі орында тұруы болады. Мысалы: Жамал отызда. Сапар-доктр. Ол тәртіпті. т.б.», деп көрсетеді /7;92-93/. Бұл пікірді О.Күлкенова да қолдайды /15;122-123/.

Түбірдің беретін мағанасы – лексикалық мағананың жалпылануы негізінде уындайтын жалпы граматикалық мағана дейтін болсақ, жоғарыдағы сөйлемдегі 3-жақтық мағананы берім тұрған не деген сұрақ туады. Сөйлемдердегі жақтық, жекешелік мәнді беріп тұрған 3-жақтық жіктік жалғауының нолдік тұлғасы екенін дау туғызбайды. Бұл жерде түбір тұлға мен нолдік тұлғаның (формасыз граматикалық мағананың берілуі) арасындағы елеулі айырмашылықты ескергеніміз дұрыс. Себебі түбір тұлға С. Исаевтің көрсеткеніндей, сөйлеу кезінде туатын форма емес, оның ерекше қызметі, синтаксистік ақрым – қатынасы бола бермейді /10;35/

Грамматикалар мен жеке зерттеулерде осы тұлғадағы сөзді атау септігінде тұрған сөз деп те көрсетіп жүр. Ал атау септігінің өзі жалғанып тұрған сөзге (арнайы формасы болмаса да) иелік, субстанттық мән беріп, сөйлемнің бастауыш болатыны белгілі, оның сөйлемдегі жақтық мағанаға қатысы жоқ. Олай болса жіктік жалғаудың формасыз үшінші жақ формасы мен атау септік тұлғасы сөйлемде граматикалық омонимдер болады, өйткені олар білдіретін граматикалық мағанасы мен қызметі жағынан бір – бірінен мүлде өзгеше қарастырылғандар.

Тәуелдік жалғауды да баяндауыштың көрсеткіші деп тану күмән туғызады. Тіліміздегі тәуелдік жалғау бір заттың екінші бір жаққа белгілі бір жақ тұрғысынан тәуелді меншікті екенін білдіргенімен, өзіне бағына байланысқан сөзбен предикатты қатынасқа түспейді. Тәуелдеу тұлғасындағы сөз сол күйінде басыңқы сынарымен байланыспайды, мұндай жағдайда ол белгілі бір септік жалғауын қабылдауы керек. Тәуелдеулі сөз атау септік формасында тұрып баяндауыш пен претикадтық қатынасқа түссе (Інін ауылда жүр. Жасым жиырмада т.б.), ілік септігінде тұрып өзі бағынған сөзбен атрибуттық қатынаста (досымның үйі, инесінің көзі), қалған септік формаларында тұрып объектілік, аддербиалдық қатынаста (хатыңды алдым, ауылымызға келдік т.б.) жұмсалады. Тәуелдеулі сөз баяндауыш болғанда белгілі бір жақ тұлғасында тұрады. Мен ағаң-мын. Сен інім-сің. Ол інім – Ø. Бұдан көріп отырғанымыздай тәуелдік жалғауындағы сөз де, түбір сөз де өздігінен сөйлемнің баяндауышы бола алмайды.

Сондай-ақ етістік баяндауыш құрамындағы шақ пен модалділікті білдіретін қосымшалар туралы айтпай кетуге болмайды. Сөйлемнің сөйлемдік сипатын айқындайтын шақ пен модалділіктің етістік баяндауыш бойынан табыларын рас, сондықтан кейбір түркологтардың баяндауыш категориясы мен етістік категориясын бір деп қарау жайттары да орын алды. Шындығында шақ, рай және етіс категориялары – етістікті сөз табы ретінде бөліп көрсететін грамматикалық категориялар. Бұл жөнінде Н.А.Баскаков: «Следовательно, глагольность, т.е. глагольные свойства причастия – категория времени и модальности не являются исключительно признаками только сказуемого, они могут быть присущи так же любому члену предложения, выраженному причастием. Таким образом, исключительными и наиболее характерными признаками сказуемого являются не категории времени и модальности, хотя они и всегда характеризуют сказуемое, а только одна категория лица», - деп тұжырымдайды /16;94/.

Бұдан байқағанымыздай, тек жақ категориясы ғана баяндауышқа тән категория болып саналады. Ал етістіктің барлық басқа көрсеткіштері, егер

жақ тұлғасын қабылдамаса, баяндауыш бола алмайды. Бұл тұжырым жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің басыңқы сыңарына қатысты алғанда еш күмән туғызбаса керек. Ал құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы есімше, көсемше тұлғалы сөздер жіктік жалғауынсыз-ақ баяндауыш қызметін атқара береді. Бұл жерде сөйлемнің жалпы семантикасы, сөздердің орын тәртібі мен тіркесімі, әсіресе, интонацияның атқарар ролі ерекше. Бұл тұлғадағы сөздер предикативтілікті білдірудің басқа да амал-тәсілдері арқылы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Бір жағынан, бұл ерекшелік аталған тұлғалардың тиянақсыздық, бітпегендік сипатымен де байланысты.

-нікі,-дікі,-тікі /ныкі,-дыкі,-тыкі/ қосымшалы сөздердің синтаксистік қызметі жөнінде түркологияда көптеген пікірлер бар. Аталған құранды жұрнақтың ілік септігінен қалыптасқанын ғалымдар дұрыс көрсеткенімен, оның құрамындағы –кі аффиксінің табиғаты туралы әр түрлі пікірлердің /бірі сын есім тудыратын жұрнақ десе, бірі онымен омонимдес, мағынасы басқа қосымша деп таниды/ болуы оның синтаксистік қызметі жайында нақты тұжырым жасауға қиындық келтіреді. Осыған орай, қазақ тіл білімінде кейбір ғалымдар мұны таза баяндауыштық тұлға деп көрсетсе, екінші тобы бұл тұлғадағы сөздердің түрленіп сөйлемнің өзге де мүшесінің қызметін атқаратынын көрсетеді.

Расында да тіліміздегі –нікі,-тікі,-дікі қосымшалы сөздері жіктік жалғауын қабылдап баяндауыш, септік жалғауында тұрып сөйлемнің өзге мүшелерінің де қызметін атқаратынын тіл фактілері көрсетіп отыр. Мысалы: табыс септігінде: Өзімдікін жөн екен деді де, ұмтылып кеп құлаштай тұрып жігітке қамшы сермеді. (Ж.Т.). Барыс септігінде: Кәрімбек жайбарақатсынды: - Түн ішінде хан иемді мазаламай-ақ біздікіне сәл тыныстап, таң ата жетерміз (Х.Ә.). Шығыс септігінде: Бұл үйдің сойысын Ұлжан үйінікіне көп болғанына Күңке әсіресе күйінді (М.Ә.). Сондай-ақ тілімізде осы жұрнақтың жіктеліп келіп қолданылуы үлгісінен барлығы /мен

сіздің ауыл-дікі-мін. Сен біз-дікі-сің. Ол ме-нікі-0./ Оның предикаттық қосымша емес екенін нақтылай түседі.

Септік жалғауларының баяндауыш қызметінде қолданылуы туралы айтқанда, олардың білдіретін грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметін басты назарға аламыз. Қазіргі грамматикалық атау, барыс, жатыс, шығыс септіктерінен баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы сөз болып жүр. Соның ішінде атау септігінің баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы ғалымдар арасында жаңсақ пікір бар. Бұл жоғарыда көрсетілгендей, жіктік жалғаудың үшінші жақтық формасыз түрін бірде түбір, бірде атау тұлғалы сөздермен шатастырумен байланысты туындайды.

Сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұрған сөз (формасыз сөз) түбір тұлғада тұрмайтыны секілді атау септік тұлғасында да болмайды. Үсен – инженер деген сөйлемдегі инженер сөзі атау тұлғада тұрған жоқ. Өйткені жіктік жалғауының 3-жақ тұлғасында тұрған бұл сөзде, С.Исаевтың көрсеткеніндей, атау септігі білдіретін заттық, субстантивтік мән субъектінің кім екенін білдіретін номиналдық мәнге айналды, сөйтіп зат есімнің жалпы түрлену жүйесінің мәніне қайшы келеді./5;78/.

Осы типтес зат есім, сын есім, сан есіммен, етістіктен жасалған баяндауыштардың үш жақта жіктелуі аталған сөздің атау тұлғада емес, жіктік жалғауда тұрғанын нақтылай түседі: Мен мұғалім-мін. Сен жақсы-сың. Ол үшінші-0. Мен келді-м. Сен бар-ды-ң. Ол айт-ты-0 т.б. Грамматикалық септіктердің (атау, ілік, табыс) баяндауыш қызметінде жұмсалудының басты себебі бұл септіктердің субстантивтік, меншіктік тура объектілік мағынаны білдіріп синтаксистік қызметтерінің саралануынан (атау септікті сөз сөйлемде баяндауыштың, ілік септікті сөз анықтауыштың, табыс септікті сөз тура толықтауыштың қызметін атқарады) деп те тұжырымдауға болады, ал көлемдік септіктерде мұндай қасиет жоқ. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз жанама объектілік мағынаны білдіріп, заттық мәнде қолданылғанда толықтауыштың, бағыттық, мезгілдік, мекендік, амалдық мағынаны білдіріп адвербиалдық мәнде жұмсалғанда пысықтауыш, өзі

меңгеріліп тұрған бассыңқы сөз сөйлемнен түсіріліп, ал оның білдіретін жақтық, шақтық мәні осы септіктегі сөздің өзіне ауысқанда сөйлемнің баяндауышының да қызметін атқара береді. Мысалы: Қызым-үйде, қылығы – түзде. Барлық жақсы – балаларға. Нар – түйеден. Тұлпар – биеден. Ағаш – жапырағымен, жер – топырағымен т.б.

Тіліміздегі жатыс, шығыс септігіндегі сөздер жіктелгенімен, барыс септігіндегі сөздер 1-2 жақта жіктелмейді. Осы тұлғадағы сөздердің, сондай-ақ нелік зат есімдер мен тұйық етістіктердің жіктелмейтіні белгілі болғанымен, бұл тұлғалар баяндауыш қызметінде шартты түрде жіктік жалғауының 3 жақ тұлғасында тұрады.

Етістіктердің үш жақта жіктеліп сөйлем баяндауышы қызметін атқаруы тілімізде бұрыннан бар құбылыс. Үш жақта жіктеліп, сөйлем баяндауышы болу, дәлірек айтсақ, сөйлемдегі предикаттық қатынасқа негіз болу – етістіктердің өзіне тән семантика-грамматикалық табиғатынан туындайтын ерекшелік. Ал есім сөздердің баяндауыштық қызметі бұдан кейінгі құбылысқа жатады. Сондықтан да баяндауыштық тұлғаны анықтау мәселесінде, әсіресе, есімдерге байланысты пікір алалығы көп. Әрине есім сөз таптары да, оның өзіне тән ерекшеліктері де көп. Сын есімдер есім сөз таптарының ішінде баяндауыш қызметінде ең жиі қолданылатын болса, сан есімнің немесе үстеудің кейбір мағыналық топтары бұл қызметте мүлде жұмсалмайды десе де болады. Біз бүгінгі жұмысымызда есім сөз таптарының ішінде кімдік, нелік (Ысқақовша адамзат есімдері мен ғаламзат есімдері) /18;377/ болып бөлінуіне қарай баяндауыштық қызметінде жұмсалып ерекшелігіне тоқталайық.

Зат есімдердің кімдік, нелік болып өз ішінде топқа жіктелуі олардың семантикасына негізделгенмен, олардың грамматикалық сипаты жағынан да өзіндік ерекшеліктері бар сөздер. Сондай ерекше белгілерінің қатарына кімдік, нелік зат есімдердің үш жақта жіктеліп, баяндауыш қызметін атқаруы жатады. Тіліміздегі кімдік, нелік зат есімдерге жататын адамға тән атаулар (шал, кемпір, кісі, қыз, бөпе т.б.), туыстық атаулар (әке, шеше, аға, апа, іні,

сіңлі, нағашы, жиен, бөпе, құда, құдаша т.б), іс-әрекет пен кәсіп мамандық иелерінің атаулары (емші, дәрігер, малшы, сатушы т.б.), әр алуан қызмет баптары мен лауазым атаулары (төраға, ханым, мырза, ректор, директор т.б.), кісі аттарынан (Үсен, Айгүл, Ерік, Сағира, Қанат, Дариға т.б.) барлығы да үшінші жақтағы жіктік жалғауын қабылдай алады. Қазіргі кезде, негізінен, етістікке тән түрлену жүйесі болып саналатын жіктік жалғаулары ертедегі ескерткіштер тілінде-ақ есім сөздерге тіркесе қолданылғандығын дәлелдейтін фактілер бар.

Ер атым – Йаш баш бен (Ер атым – жас ақ баспын) /19;106/

Үчін Күлүғ Тірік оғлы бен Күліг Тоған бен (Үчін Күлүғ Тірік ұлымын, Күлүғ Тоғанмын) /19;119/

Бұдан байқағанымыздай, адамға қатысты зат есімдердің жіктелуі, сөйтіп баяндауыш қызметінде жұмсалуды – тіліміздегі бұрынна бар құбылыс. Бұл туралы М.Томанов: «...жіктеу есімдіктері есім сөздерге тіркесе айтылған немес баяндауыш қызметіндегі есімнен кейін байланыстырушы қызметінде айтылған көмекші етістіктің есімше тұлғасына тіркескен (ана туруп сен). Бұл фактілер жіктеу есімдіктерінің постпозициялық қолданыста жалғауларға айналуын есім не есім мәнді сөздер негізінде пайда болғанын көрсетеді. Олай болса, олар (таза етістік тұлғалары) жіктеу есімдіктерімен тіркеспеген, есімше формасымен ғана тіркескен», - дейді./20;144/

Қазіргі кезде тіліміздегі есімдердің тікелей жіктік жалғауын қабылдауының, ал етістіктердің түбір күйінде мүлде жіктелмеуінің мәні осында жатса керек. Ал есімдердің ішінде үш жақтың да жіктік жалғауын қабылдай алу мүмкіндігі тек кімдік зат есімдерге тән. Бұл жіктік жалғауларының жіктелі есімдіктерінен шыққандығынан болса керек. Өйткені 1жақтағы жіктеу есімдіктері мен, біз сөйлеуші адамды білдірсе, 2жақтағы жіктеу есімдіктері сен, сендер, сіз, сіздер тыңдаушы адамды білдіреді. Ал сөйлеу, ой жеткізу, пікір айту және соны тыңдау, тыңдату – тек қана адамға байланысты сипат. Мысалы: Мен әншімін (мен әнім емес)

Сіз қаламгерсіз (сіз қаламсыз емес)

Сондықтан да адамға қатысты сөздер ғана жіктік жалғаудың 1,2 жақ тұлғаларын тікелей қабылдап, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Келтірілген мысалдардағы – мін, - сіз қосымшалары өзі жалғанған сөздерге жақтық мән үстеп тұр. Ал үшінші жақта мұндай арнайы морфологиялық көрсеткіші болмағандығына қарап, мұнда (Ол - әнші.) жақтық мағына жоқ деп айтуға болмайды. Үшінші жақта арнайы көрсеткіштің болмауы бір жағынан, тіліміздегі кез келген зат есімнің мағынасы жағынан 3 жақты білдіретіндігімен байланысты болса, екінші жағынан, 3 жақ жіктік жалғауы шығу төркіні жағынан 1,2 жақ қосымшаларынан өзгеше. Біз алғаш 3-жақтың бәрін де қосымша қолданылып, нөлдік формаға кейін көшкен деп санаймыз. Мұнда, алдымен, оның үш жағының да қосымшасының болуы, тіпті осы 3 жақтың жүйенің өзі оның әуелде толық үш жақта да қолданылғандығын көрсетеді./21;129-130/

Жұман дегенім: әлгі Қартқожаның әкесі /Ж. Айымауытов/.

«патша құлады» дегенді аспан құлады дегеннен кем

Түсінбеген мазақтың бірі – Кітапбек /Б.Нұржекеев/.

Ол-Оразбайдың әр пәлдеде, әр кесір әлетке ұдайы

Қасынан табылатынын үзнгі жолдасы./М.Әуезов/ келтірілген сөйлемдердің баяндауыштары әкесі, Кітепбек, жолдасы 3 жақтық жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында тұрағндығын осы сөздің 1,2 жақтағы түрімен салыстырып көз жеткізуге болады.

Кімдік зат есімдер сияқты нелік зат есімдер де сөйлем баяндауышы қызметін атқара алады. Нелік зат есімді баяндауыштардың көне ескерткіштер тілінде кездеспеуі бұл құбылыстың тілімізде кейінірек қалыптасқанын дәлелдейді. Нелік зат есімдердің 1,2 жақтық жіктік жалғауларын қабылдамауы оның баяндауыштық қызметтеріне нұсқан келтірмейді. Тіліміздегі бұл зат есімдер 3 жақтық жіктік жалғауында, дәлірек айтсақ, оның нөлдік формасында тұрғанда бастауышпен жақ жағынан қиысып баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Шодыр-қазақтың қойып алған аты.

/Ғ.Мустафин/. абай туралы эпопея-үлкен дүние-зор еңбек /0/ (М. Қаратаев).
Дала – боран 0 (Б. Майлин).

Келтірілген сөйлемдердің баяндауыштарының арнайы жақ көрсеткіші болмағандықтан, көптеген оқулықтар мен грамматикаларды оны түбір, кейде атау тұлғалы мүше деп көрсетіп жүр. Шындығында, бұл мүшенің бойында жіктік жалғауына тән функцияның бәрі де (жақтық, шақтық, жекешелік, баяндауыштық) сақталған. Ал бұл мәнедер жоғарыда аталған екі тұлғада да (түбір және атау) жоқ.

Нелік зат есімдердің 1,2 жақта түрленбеуі оның мағанасы жағынана қатысты болжауынан деп есептейміз. өйткені тіліміздегі нелік зат есімдердің адам мағанасында жұмсалғанда жіктік жалғауының 1,2 жағында да түрленуі соны дәлелдейді. Мысалы:

Сен қңкейген сарыайымсың (Ә.Нұршайықов)

Хан емессің, қасқырсың,

Қас албасты басқырсың...

Хан емессің, ылансың,

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің, аярсың,

Айыр құйрық шаянсың. (М. Өтемісұлы).

Біздер- әлі жан баспаған асқармыз,

Біздер-әлі жазылмаған дастанбыз (М.Мақатаев)

Мұндай сөйлемдерде баяндауыш қызметін атқарып тұрған жіктік жалғаулы сөз заттың мағанасынан гөрі сындық мәні басым болады. Аюсың, қасқырсың, ылансың, жылансың, айярсың, шаянсың, асқармыз, дастанбыз сөздері аю сияқты адамсың, асқар сияқты адамдарымыз, дастан сияқты жандармыз деген мағанада ұғынылады. Сөйтіп нелік зат есімдерге жалғанған 1,2 жақтағы жіктің жалғауларының қызметі, бір жағынан, оны субъектінің предикаты ету, екінші жағынан, сол арқылы әсем де әсерлі образды ой, экспрессиялық мән білдіру болып саналады /10;102/.

Сөйтіп баяндауыш қай сөз табынан жасалмасын оның грамматикалық тұлғасы – жіктік жалғаулары. Оның өзіне ұқсас тұлғалардан ерекшелігі- белгілі бір жақ тұлғасында, жекеше, көпше сипатта тұрып сөйлемдегі предикаттық қатынасқа негіз болады. Сондықтан жіктік жалғаулары сөзге жалғанатын қосымша болу жағынан морфологиялық категория болса, сөйлемде тек баяндауыштық қызмет атқаруымен синтаксистік категория болып саналады.

Баяндауыштың грамматикалық тұлғасы

Сөйлемдегі сөздерді синтаксистік қызметі жағынан таптастырғанда, оның морфологиялық құрылымы, өзге сөздермен тіркесімділігі, сөйлем ішіндегі орны ескеріледі. Бұл жөнінде И.Мешанинов: «... Синтаксические группы имеют свои основания к их выделению. Они сами отделяются от другого состава предложения тем внутренним их объединением, которые проводится соответствующими синтаксическими приемами. Эти группы образуют собою внутреннее членение предложения имеют свой особенности», - деп көрсетеді /14;145/.

Расында да, етістіктің жіктелуі, есім сөздердің белгілі бір септік жалғауында тұруы осы формада тұрған сөздің контекстегі айтылған бүкіл ойдағы синтаксистік маңыздылығын нақтылай түседі. Әсіресе, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын баяндауыштың грамматикалық сипаты оның өзіндік морфологиялық құрамымен айқындалады.

Қазақ тіл білімінде баяндауыштық тұлға туралы аз сөз болып жүрген жоқ. Н.Сауранбаев баяндауыштық тұлға ретінде жалғаусыз жіктік жалғауын, тәуелдік, көптік, атау, жатыс септіктеріні жалғауларын, -нікі, -дікі қосымшаларын көрсетсе,, С.Аманжолов атау тұлғасын және жіктік жалғауын көрсетеді. М.Балақаев сөздердің түбір күйінде, грамматикалық тұлғаларда (жіктік жалғауы, -дүр, -нікі, -тікі, -дікі қосымшалары) баяндауыш болатын, О.Күлкенова түбір күйіндегі, жіктік, септік, тәуелдік жалғау тұлғаларындағы сөздердің баяндауыштық қызметін көрсетеді /15/. Т. Сайранбаев сөздердің түбір күйінде, жіктік жалғау, -нікі, -дікі, -тікі, көсемше, есімші, шартты рай

тұлғалары мен септік және тәуелдік жалғауларының сөйлемдері баяндауыштық тұлға болып табылатыны ашып көрсетеді /8;100-103/. Аталған тұлғалардың сөйлем баяндауышы құрамынан табылатыны ешқандай дау туғышбаса керек, алайда объектіге алынып отырған сөзге предикаттық, баяндауыштық сипат беруде бұл тұлғалардың атқарар жүгі әр түрлі.

Алдымен, түбір тұлғада тұрған сөздің баяндауыш қызметін атқаруы туралы қалыптасқан көз – қарасқа тоқталайық. М.Балақаев түбір сөздің баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы: «Сондай дара тұрып түбір күйінде көбірек баяндауыш болатын сөздер – етістіктер... есім сөздер де түбір күйінде, ешқандай баяндауыштық жалғау жалғанбай –ақ баяндауыш бола береді. Бірақ ол үшін бастауыш пен баяндауыш қатар айтылуы керек сонда олардың сол қызметке жұмсалудына себеб болатын жағдай олардың сөйлемде белгілі орында тұруы болады. Мысалы: Жамал отызда. Сапар-доктр. Ол тәртіпті. т.б.», деп көрсетеді /7;92-93/. Бұл пікірді О.Күлкенова да қолдайды /15;122-123/.

Түбірдің беретін мағанасы – лексикалық мағананың жалпылануы негізінде уындайтын жалпы грамматикалық мағана дейтін болсақ, жоғарыдағы сөйлемдегі 3-жақтық мағананы берім тұрған не деген сұрақ туады. Сөйлемдердегі жақтық, жекешелік мәнді беріп тұрған 3-жақтық жіктік жалғауының нолдік тұлғасы екенін дау туғызбайды. Бұл жерде түбір тұлға мен нолдік тұлғаның (формасыз грамматикалық мағананың берілуі) арасындағы елеулі айырмашылықты ескергеніміз дұрыс. Себебі түбір тұлға С. Исаевтің көрсеткеніндей, сөйлеу кезінде туатын форма емес, оның ерекше қызметі, синтаксистік ақрым – қатынасы бола бермейді /10;35/

Грамматикалар мен жеке зерттеулерде осы тұлғадағы сөзді атау септігінде тұрған сөз деп те көрсетіп жүр. Ал атау септігінің өзі жалғанып тұрған сөзге (арнайы формасы болмаса да) иелік, субстанттық мән беріп, сөйлемнің бастауыш болатыны белгілі, оның сөйлемдегі жақтық мағанаға қатысы жоқ. Олай болса жіктік жалғаудың формасыз үшінші жақ формасы мен атау септік тұлғасы сөйлемде грамматикалық омонимдер болады, өйткені

олар білдіретін грамматикалық мағанасы мен қызметі жағынан бір – бірінен мүлде өзгеше көрсеткіштер.

Тәуелдік жалғауды да баяндауыштың көрсеткіші деп тану күмән туғызады. Тіліміздегі тәуелдік жалғау бір заттың екінші бір жаққа белгілі бір жақ тұрғысынан тәуелді меншікті екенін білдіргенімен, өзіне бағына байланысқан сөзбен предикатты қатынасқа түспейді. Тәуелдеу тұлғасындағы сөз сол күйінде басыңқы сыңарымен байланыспайды, мұндай жағдайда ол белгілі бір септік жалғауын қабылдауы керек. Тәуелдеулі сөз атау септік формасында тұрып баяндауыш пен предикаттық қатынасқа түссе (Інін ауылда жүр. Жасым жиырмада т.б.), ілік септігінде тұрып өзі бағынған сөзбен атрибуттық қатынаста (досымның үйі, инесінің көзі), қалған септік формаларында тұрып объектілік, аддербиалдық қатынаста (хатыңды алдым, ауылымызға келдік т.б.) жұмсалады. Тәуелдеулі сөз баяндауыш болғанда белгілі бір жақ тұлғасында тұрады. Мен ағаң-мын. Сен інім-сің. Ол інім – Ø. Бұдан көріп отырғанымыздай тәуелдік жалғауындағы сөз де, түбір сөз де өздігінен сөйлемнің баяндауышы бола алмайды.

Сондай-ақ етістік баяндауыш құрамындағы шақ пен модалділікті білдіретін қосымшалар туралы айтпай кетуге болмайды. Сөйлемнің сөйлемдік сипатын айқындайтын шақ пен модалділіктің етістік баяндауыш бойынан табыларын рас, сондықтан кейбір түркологтардың баяндауыш категориясы мен етістік категориясын бір деп қарау жайттары да орын алды. Шындығында шақ, рай және етіс категориялары – етістікті сөз табы ретінде бөліп көрсететін грамматикалық категориялар. Бұл жөнінде Н.А.Баскаков: «Следовательно, глагольность, т.е. глагольные свойства причастия – категория времени и модальности не являются исключительно признаками только сказуемого, они могут быть присущи так же любому члену предложения, выраженному причастием. Таким образом, исключительными и наиболее характерными признаками сказуемого являются не категории времени и модальности, хотя они и всегда характеризуют сказуемое, а только одна категория лица», - деп тұжырымдайды /16;94/.

Бұдан байқағанымыздай, тек жақ категориясы ғана баяндауышқа тән категория болып саналады. Ал етістіктің барлық басқа көрсеткіштері, егер жақ тұлғасын қабылдамаса, баяндауыш бола алмайды. Бұл тұжырым жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің басыңқы сыңарына қатысты алғанда еш күмән туғызбаса керек. Ал құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарындағы есімше, көсемше тұлғалы сөздер жіктік жалғауынсыз-ақ баяндауыш қызметін атқара береді. Бұл жерде сөйлемнің жалпы семантикасы, сөздердің орын тәртібі мен тіркесімі, әсіресе, интонацияның атқарар ролі ерекше. Бұл тұлғадағы сөздер предикативтілікті білдірудің басқа да амал-тәсілдері арқылы сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Бір жағынан, бұл ерекшелік аталған тұлғалардың тиянақсыздық, бітпегендік сипатымен де байланысты.

-нікі,-дікі,-тікі /ныкі,-дыкі,-тыкі/ қосымшалы сөздердің синтаксистік қызметі жөнінде түркологияда көптеген пікірлер бар. Аталған құранды жұрнақтың ілік септігінен қалыптасқанын ғалымдар дұрыс көрсеткенімен, оның құрамындағы –кі аффиксінің табиғаты туралы әр түрлі пікірлердің /бірі сын есім тудыратын жұрнақ десе, бірі онымен омонимдес, мағынасы басқа қосымша деп таниды/ болуы оның синтаксистік қызметі жайында нақты тұжырым жасауға қиындық келтіреді. Осыған орай, қазақ тіл білімінде кейбір ғалымдар мұны таза баяндауыштық тұлға деп көрсетсе, екінші тобы бұл тұлғадағы сөздердің түрленіп сөйлемнің өзге де мүшесінің қызметін атқаратынын көрсетеді.

Расында да тіліміздегі –нікі,-тікі,-дікі қосымшалы сөздері жіктік жалғауын қабылдап баяндауыш, септік жалғауында тұрып сөйлемнің өзге мүшелерінің де қызметін атқаратынын тіл фактілері көрсетіп отыр. Мысалы: табыс септігінде: Өзімдікін жөн екен деді де, ұмтылып кеп құлаштай тұрып жігітке қамшы сермеді. (Ж.Т.). Барыс септігінде: Кәрімбек жайбарақатсынды: - Түн ішінде хан иемді мазаламай-ақ біздікіне сәл тыныстап, таң ата жетерміз (Х.Ә.). Шығыс септігінде: Бұл үйдің сойысын Ұлжан үйінікіне көп болғанына Күңке әсіресе күйінді (М.Ә.). Сондай-ақ

тілімізде осы жұрнақтың жіктеліп келіп қолданылуы үлгісінен барлығы /мен сіздің ауыл-дікі-мін. Сен біз-дікі-сің. Ол ме-нікі-0./ Оның предикаттық қосымша емес екенін нақтылай түседі.

Септік жалғауларының баяндауыш қызметінде қолданылуы туралы айтқанда, олардың білдіретін грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметін басты назарға аламыз. Қазіргі грамматикалық атау, барыс, жатыс, шығыс септіктерінен баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы сөз болып жүр. Соның ішінде атау септігінің баяндауыш қызметінде жұмсалуды туралы ғалымдар арасында жаңсақ пікір бар. Бұл жоғарыда көрсетілгендей, жіктік жалғаудың үшінші жақтық формасыз түрін бірде түбір, бірде атау тұлғалы сөздермен шатастырумен байланысты туындайды.

Сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұрған сөз (формасыз сөз) түбір тұлғада тұрмайтыны секілді атау септік тұлғасында да болмайды. Үсен – инженер деген сөйлемдегі инженер сөзі атау тұлғада тұрған жоқ. Өйткені жіктік жалғауының 3-жақ тұлғасында тұрған бұл сөзде, С.Исаевтың көрсеткеніндей, атау септігі білдіретін заттық, субстантивтік мән субъектінің кім екенін білдіретін номиналдық мәнге айналды, сөйтіп зат есімнің жалпы түрлену жүйесінің мәніне қайшы келеді./5;78/.

Осы типтес зат есім, сын есім, сан есіммен, етістіктен жасалған баяндауыштардың үш жақта жіктелуі аталған сөздің атау тұлғада емес, жіктік жалғауда тұрғанын нақтылай түседі: Мен мұғалім-мін. Сен жақсы-сың. Ол үшінші-0. Мен келді-м. Сен бар-ды-ң. Ол айт-ты-0 т.б. Грамматикалық септіктердің (атау, ілік, табыс) баяндауыш қызметінде жұмсалудының басты себебі бұл септіктердің субстанттық, меншіктік тура объектілік мағынаны білдіріп синтаксистік қызметтерінің саралануынан (атау септікті сөз сөйлемде баяндауыштың, ілік септікті сөз анықтауыштың, табыс септікті сөз тура толықтауыштың қызметін атқарады) деп те тұжырымдауға болады, ал көлемдік септіктерде мұндай қасиет жоқ. Барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз жанама объектілік мағынаны білдіріп, заттық мәнде қолданылғанда толықтауыштың, бағыттық, мезгілдік, мекендік, амалдық

мағынаны білдіріп адвербиалдық мәнде жұмсалғанда пысықтауыш, өзі меңгеріліп тұрған бассынқы сөз сөйлемнен түсіріліп, ал оның білдіретін жақтық, шақтық мәні осы септіктегі сөздің өзіне ауысқанда сөйлемнің баяндауышының да қызметін атқара береді. Мысалы: Қызым-үйде, қылығы – түзде. Барлық жақсы – балаларға. Нар – түйеден. Тұлпар – биеден. Ағаш – жапырағымен, жер – топырағымен т.б.

Тіліміздегі жатыс, шығыс септігіндегі сөздер жіктелгенімен, барыс септігіндегі сөздер 1-2 жақта жіктелмейді. Осы тұлғадағы сөздердің, сондай-ақ нелік зат есімдер мен тұйық етістіктердің жіктелмейтіні белгілі болғанымен, бұл тұлғалар баяндауыш қызметінде шартты түрде жіктік жалғауының 3 жақ тұлғасында тұрады.

Етістіктердің үш жақта жіктеліп сөйлем баяндауышы қызметін атқаруы тілімізде бұрыннан бар құбылыс. Үш жақта жіктеліп, сөйлем баяндауышы болу, дәлірек айтсақ, сөйлемдегі предикаттық қатынасқа негіз болу – етістіктердің өзіне тән семантика-грамматикалық табиғатынан туындайтын ерекшелік. Ал есім сөздердің баяндауыштық қызметі бұдан кейінгі құбылысқа жатады. Сондықтан да баяндауыштық тұлғаны анықтау мәселесінде, әсіресе, есімдерге байланысты пікір алалығы көп. Әрине есім сөз таптары да, оның өзіне тән ерекшеліктері де көп. Сын есімдер есім сөз таптарының ішінде баяндауыш қызметінде ең жиі қолданылатын болса, сан есімнің немесе үстеудің кейбір мағыналық топтары бұл қызметте мүлде жұмсалмайды десе де болады. Біз бүгінгі жұмысымызда есім сөз таптарының ішінде кімдік, нелік (Ысқақовша адамзат есімдері мен ғаламзат есімдері) /18;377/ болып бөлінуіне қарай баяндауыштық қызметінде жұмсалып ерекшелігіне тоқталайық.

Зат есімдердің кімдік, нелік болып өз ішінде топқа жіктелуі олардың семантикасына негізделгенмен, олардың грамматикалық сипаты жағынан да өзіндік ерекшеліктері бар сөздер. Сондай ерекше белгілерінің қатарына кімдік, нелік зат есімдердің үш жақта жіктеліп, баяндауыш қызметін атқаруы жатады. Тіліміздегі кімдік, нелік зат есімдерге жататын адамға тән атаулар

(шал, кемпір, кісі, қыз, бөпе т.б.), туыстық атаулар (әке, шеше, аға, апа, іні, сіңлі, нағашы, жиен, бөпе, құда, құдаша т.б), іс-әрекет пен кәсіп мамандық иелерінің атаулары (емші, дәрігер, малшы, сатушы т.б.), әр алуан қызмет баптары мен лауазым атаулары (төраға, ханым, мырза, ректор, директор т.б.), кісі аттарынан (Үсен, Айгүл, Ерік, Сағира, Қанат, Дариға т.б.) барлығы да үшінші жақтағы жіктік жалғауын қабылдай алады. Қазіргі кезде, негізінен, етістікке тән түрлену жүйесі болып саналатын жіктік жалғаулары ертедегі ескерткіштер тілінде-ақ есім сөздерге тіркесе қолданылғандығын дәлелдейтін фактілер бар.

Ер атым – Йаш баш бен (Ер атым – жас ақ баспын) /19;106/

Үчін Күлүғ Тірік оғлы бен Күліг Тоған бен (Үчін Күлүғ Тірік ұлымын, Күлүғ Тоғанмын) /19;119/

Бұдан байқағанымыздай, адамға қатысты зат есімдердің жіктелуі, сөйтіп баяндауыш қызметінде жұмсалуды – тіліміздегі бұрынна бар құбылыс. Бұл туралы М.Томанов: «...жіктеу есімдіктері есім сөздерге тіркесе айтылған немес баяндауыш қызметіндегі есімнен кейін байланыстырушы қызметінде айтылған көмекші етістіктің есімше тұлғасына тіркескен (ана туруп сен). Бұл фактілер жіктеу есімдіктерінің постпозициялық қолданыста жалғауларға айналуын есім не есім мәнді сөздер негізінде пайда болғанын көрсетеді. Олай болса, олар (таза етістік тұлғалары) жіктеу есімдіктерімен тіркеспеген, есімше формасымен ғана тіркескен», - дейді./20;144/

Қазіргі кезде тіліміздегі есімдердің тікелей жіктік жалғауын қабылдауының, ал етістіктердің түбір күйінде мүлде жіктелмеуінің мәні осында жатса керек. Ал есімдердің ішінде үш жақтың да жіктік жалғауын қабылдай алу мүмкіндігі тек кімдік зат есімдерге тән. Бұл жіктік жалғауларының жіктелі есімдіктерінен шыққандығынан болса керек. Өйткені 1жақтағы жіктеу есімдіктері мен, біз сөйлеуші адамды білдірсе, 2жақтағы жіктеу есімдіктері сен, сендер, сіз, сіздер тыңдаушы адамды білдіреді. Ал сөйлеу, ой жеткізу, пікір айту және соны тыңдау, тыңдату – тек қана адамға байланысты сипат. Мысалы: Мен әншімін (мен әнмін емес)

Сіз қаламгерсіз (сіз қаламсыз емес)

Сондықтан да адамға қатысты сөздер ғана жіктік жалғаудың 1,2 жақ тұлғаларын тікелей қабылдап, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарады. Келтірілген мысалдардағы – мін, - сіз қосымшалары өзі жалғанған сөздерге жақтық мән үстеп тұр. Ал үшінші жақта мұндай арнайы морфологиялық көрсеткіші болмағандығына қарап, мұнда (Ол - әнші.) жақтық мағына жоқ деп айтуға болмайды. Үшінші жақта арнайы көрсеткіштің болмауы бір жағынан, тіліміздегі кез келген зат есімнің мағынасы жағынан 3 жақты білдіретіндігімен байланысты болса, екінші жағынан, 3 жақ жіктік жалғауы шығу төркіні жағынан 1,2 жақ қосымшаларынан өзгеше. Біз алғаш 3-жақтың бәрін де қосымша қолданылып, нөлдік формаға кейін көшкен деп санаймыз. Мұнда, алдымен, оның үш жағының да қосымшасының болуы, тіпті осы 3 жақтың жүйенің өзі оның әуелде толық үш жақта да қолданылғандығын көрсетеді./21;129-130/

Жұман дегенім: әлгі Қартқожаның әкесі /Ж. Айымауытов/.

«патша құлады» дегенді аспан құлады дегеннен кем

Түсінбеген мазақтың бірі – Кітапбек /Б.Нұржекеев/.

Ол-Оразбайдың әр пәлледі, әр кесір әлетке ұдайы

Қасынан табылатынын үзңгі жолдасы./М.Әуезов/ келтірілген сөйлемдердің баяндауыштары әкесі, Кітепбек, жолдасы 3 жақтық жіктік жалғауының нөлдік тұлғасында тұрағндығын осы сөздің 1,2 жақтағы түрімен салыстырып көз жеткізуге болады.

Кімдік зат есімдер сияқты нелік зат есімдер де сөйлем баяндауышы қызметін атқара алады. Нелік зат есімді баяндауыштардың көне ескерткіштер тілінде кездеспеуі бұл құбылыстың тілімізде кейінірек қалыптасқанын дәлелдейді. Нелік зат есімдердің 1,2 жақтық жіктік жалғауларын қабылдамауы оның баяндауыштық қызметтеріне нұсқан келтірмейді. Тіліміздегі бұл зат есімдер 3 жақтық жіктік жалғауында, дәлірек айтсақ, оның нөлдік формасында тұрғанда бастауышпен жақ жағынан қиысып баяндауыш қызметін атқарады. Мысалы: Шодыр-қазақтың қойып алған аты.

/Ғ.Мустафин/. абай туралы эпопея-үлкен дүние-зор еңбек /0/ (М. Қаратаев).
Дала – боран 0 (Б. Майлин).

Келтірілген сөйлемдердің баяндауыштарының арнайы жақ көрсеткіші болмағандықтан, көптеген оқулықтар мен грамматикаларды оны түбір, кейде атау тұлғалы мүше деп көрсетіп жүр. Шындығында, бұл мүшенің бойында жіктік жалғауына тән функцияның бәрі де (жақтық, шақтық, жекешелік, баяндауыштық) сақталған. Ал бұл мәнедер жоғарыда аталған екі тұлғада да (түбір және атау) жоқ.

Нелік зат есімдердің 1,2 жақта түрленбеуі оның мағанасы жағынана қатысты болжауынан деп есептейміз. өйткені тіліміздегі нелік зат есімдердің адам мағанасында жұмсалғанда жіктік жалғауының 1,2 жағында да түрленуі соны дәлелдейді. Мысалы:

Сен қңкейген сарыайымсың (Ә.Нұршайықов)

Хан емессің, қасқырсың,

Қас албасты басқырсың...

Хан емессің, ылансың,

Қара шұбар жылансың.

Хан емессің, аярсың,

Айыр құйрық шаянсың. (М. Өтемісұлы).

Біздер- әлі жан баспаған асқармыз,

Біздер-әлі жазылмаған дастанбыз (М.Мақатаев)

Мұндай сөйлемдерде баяндауыш қызметін атқарып тұрған жіктік жалғаулы сөз заттың мағанасынан гөрі сындық мәні басым болады. Аюсың, қасқырсың, ылансың, жылансың, айярсың, шаянсың, асқармыз, дастанбыз сөздері аю сияқты адамсың, асқар сияқты адамдарымыз, дастан сияқты жандармыз деген мағанада ұғынылады. Сөйтіп нелік зат есімдерге жалғанған 1,2 жақтағы жіктің жалғауларының қызметі, бір жағынан, оны субъектінің предикаты ету, екінші жағынан, сол арқылы әсем де әсерлі образды ой, экспрессиялық мән білдіру болып саналады /10;102/.

Сөйтіп баяндауыш қай сөз табынан жасалмасын оның грамматикалық тұлғасы – жіктік жалғаулары. Оның өзіне ұқсас тұлғалардан ерекшелігі- белгілі бір жақ тұлғасында, жекеше, көпше сипатта тұрып сөйлемдегі предикаттық қатынасқа негіз болады. Сондықтан жіктік жалғаулары сөзге жалғанатын қосымша болу жағынан морфологиялық категория болса, сөйлемде тек баяндауыштық қызмет атқаруымен синтаксистік категория болып саналады.

Қорытынды

Тұрлаулы мүшелер-сөйлем құрауға негіз болатын предикативтік бірлік. Тұрлаулы мүшелердің сөйлем құрауда атқаратын рөлі туралы ғалымдар арасындағы пікірталас бас мүшелерінің тығыз грамматикалық байланысынан туындаса керек. Бастауыш-сөйлемдегі ұйымдастырушы бас мүшенің бірі, оған баяндаушы грамматикалық тұлғасы жағынан тәуелді. Алайда баяндауыштың қолданылуындағы дербестік, сөйлемдегі ойды тиянақтау мүмкіндігі-баяндауыш мүшенің сөйлемдегі доминанттық рөлін айқындайды.

Түркологияда, соның ішінде қазақ тілінде бас мүшелерді зерттеу мәселесіне ғалымдардың әр түрлі аспектіде келуі аталған мүшелердің грамматикалық сипатын ашуға мүмкіндік жасайды. Бас мүшелерге анықтыма беруде, олардың грамматикалық тұлғаларын анықтауда төмендегідей ерекшеліктерді басты назарда ұстаған жөн:

1. Қандайда болмасын тілдік категорияға берілетін анықтама логикалық емес, грамматикалық тұрғыдан берілгені дұрыс. Сондықтан бастауышқа анықтама беруде оның тек ой иесі екендігін көрсету-грамматикалық бастауыштың табиғатын таныта алмайды. Анықтамада оның тұлғасы егер өзге мүшелермен синтаксистік байланысы қамтылу керек.
2. Сондай-ақ анықтамада синтаксистік қызмет атқарып тұрған сөздің симитикасы емес, осы категорияға ортақ грамматикалық белгілері негіз болуы керек. Баяндауышқа тән грамматикалық белгісі біріншіден, сөйлемдегі ойды тиянақтауы болса, екіншіден, белгілі бір жақ тұлғасында тұруы.
3. Грамматикалық бастауыштың тұлғасы – атау септігі. Тек атау тұлғадағы сөз ғана баяндауыштың предикаттық қатынасқа түсе. Сөйлем құрай алады.
4. атау тұлғадағы бастауыш дегеніміз – атау септігінің формасында тұрып, субстанттық мәнде жұмсалып, баяндауышпен қиыса байланысатын тұрлаулы мүше.

5. Логикалық бастауыш – грамматикалық бастауыш секілді сөйлемде айтылған ойдың иесі. Айырмашылығы – тұлғасында. Грамматикалық бастауыш атау септігінде тұрса, логикалық бастауыш ілік, барыс септік тұлғаларында тұрады.
6. Сөйлемдегі баяндауыштың негізгі грамматикалық тұлғасы-жіктік жалғаулары. Жіктік жалғауы өзі жалғанған сөздің тиянақтылық сипатына ықпал ете отырып, оны бастауышпен жақ жағынан қиыстыра байланыстырады.
7. Сөйтіп, тұрлаулы мүшелердің грамматикалық тұлғасы дегеніміз, кейбір оқулықтар мен грамматикаларда, жеке зерттеулерде көрсетіліп жүргендей, осы қызметті атқарып тұрған сөздің сыртқы морфологиялық құрылымы емес сол сөзді аталған позицияға түсіріп тұрған арнайы морфологиялық көрсеткіш. Ол тұлға бастауышта атау септігі, баяндауышта жіктік жалғаулары.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абылақов Ә.А. Меңгеріле байланысқан есімді сөз тіркестерінің қалыптасуы, дамуы және қолданылу аясы. А., 1990.
2. Ағманов Е. Қазақ тілінің тарихи синтаксисі А., 1991.
3. Аманжолов С. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы А., 1940.
4. Аханов К. Грамматика теориясының негіздері А., 1977.
5. Әміров Р Жай сөйлем синтаксисі А., 1983.
6. Балақаев М., Қордабаев Т Қазіргі қазақ тілі А., 1966.
7. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі А., 1987.
8. Баскаков Н.А. Структурные типы словосочетаний и предложений в современном турецком языке. АДД.Л., 1972.
9. Дмитриев Р.К. Грамматика башкирского языка. М. – Л., 1948.
10. Есенов Қ. Предикаттық қатынас Қазақстан мектебі, 1985. 2
11. Жапаров А. Азыркы киргыз тили. Фрунзе, 1964.
12. Закиев М.З. Синтаксический строй татарского языка. Казань, 1969.
13. Исаев С.М. Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар. А., 1992.
14. Казем-Бек А. Общая грамматика турецко – татарского языка. К., 1846.
15. Қазақ тілінің грамматикасы . Синтаксис. 2 бөлім А., 1967.
16. Мещаннинов И.И. Члены предложения и части речи. Л., 1978.
17. Сайрамбаев Т. Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері. А., 1991.
18. Серғалиев М., Күлкенова О., Айғабылов А. Қазіргі қазақ әдеби тілі. А., 1991.
19. Төлегенов У. Выражение сказуемого и его основные типы в простом личном предложении современного казахского языка. АКД., А., 1955
20. Шәуекенов Қ. Синтаксистік категориялардың семантикалық және функционалды байланысы. АДД. А., 1995

21. Убрятова Е.И. Согласование в якутском языке //исследование по синтаксису тюрских языков. М., 1962.
22. Ермекова Т. Қазіргі қазақ тіліндегі есім баяндауыштар. Алматы, 1999.
23. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
- 24.

1. Қазақ грамматикасы
Энциклопедия Астана 2002.